

**Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА, ҚР Парламентінің сенаторы:**

# ЖАСТАРДЫ ҒАНА ЕМЕС, ЖАЛПЫ ХАЛЫҚТЫ ОЙЛАЙДЫ

2013 жылы облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы бір топ белсенді жастармен кездесті. Кездесуде Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жандос Базартайдың ұсынысымен жас тілші Гүлбану Мақажан аймаққа жастар басылымы керек деді. Жастар мәселесіне жіті назар аударатын Қырымбек Елеуұлы барша Сыр жастарының атынан айтылған ұсынысты қабыл алып, дүйім жастың көзінше, қаржылай қолдау білдіретінін айтып, Гүлбануды сол жастар басылымына басшылық қызметке шақырғаны әлі есімізде. Санаулы адамнан құрылған ұжым алғашқы қиындықты еңсеріп, бірнеше жылдан бері өзінің қажеттілігін дәлелдеді. Жастардың іздеп жүріп оқитын сүйікті басылымына айналды.

Жастар үшін ашылған басылым, дарынды, ұшқыр ойлы бірнеше буын жастарға тәрбие берді. Жазылған әрбір мақалада жастардың ойы мен пікірі, талабы мен тілегін қаузап, қоғам дамуына, жастар саясатының жүйелі жүзеге асуына елеулі үлес қосып келеді. Өзекті мәселелер орынды көтеріліп, журналистік зерттеу, талдау мен нақты ақпарат бәрі де газеттен табылады.

Жастар басылымы тек жастардың тыныс-тіршілігін жазып қана қоймай, жалпы халықтың жағдайын, әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдениеті мен руханиятын жазып, жақсылықтың жаршысы, ықпалды пікірі бар басылымға айналды. Сегіз жылдық тарихы қалыптасып, аймақтағы басылым беделі артып келеді.

«Ақмешіт жастары» газетінің ұжымын және барша оқырмандарын басылымның туған күнімен құттықтаймын! Шығармашылық табыс тілеймін! Елімізде жазғаны дөп, оқырманы ең көп басылым болуына тілектеспін!

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## СЫР ЖАСТАРЫН АСҚАҚТАТҚАН “АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ” ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ!

Басылымның дүние дидарын көрген күнімен Сіздерді құттықтаймын! Қазақтың әрбір жасын, Қазақстанның әрбір жасөспірімін жылы сөздеріңізбен аялап, әрбір білімдар отандасымызды құнды деректерге қанықтырып келесіздер. Бұл – үлкен еңбек, руханиятқа қосқан елеулі үлес!

Мен ең сүйікті газетімнің туған күнінде басылымға бүгінгі шыққан биігінің аласармауын, Ақмешіт жастарының ұстынына айналған ұлағатты үнпарақтың ғұмыр жасының ғасырдан асуын тілеймін!

Жасай бер, жағымды жаңалықтар жаршысы!

**Мақсат ДАУЫЛБАЙ,**
**Облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары**




*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
***Мағжан***



# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 36 (417) 9 қыркүйек, 2021 жыл





# МЕРЕЙІ ҮСТЕМ ҰСТАЗ

**Ұстаз үшін шәкіртінің әрбір жетістігі бір мерей. Тіпті мектепке алғаш келген бүлдіршіннің «Әліппені» қолға ұстап, әріптерді жазбай тануы да мұғалім үшін үлкен жеңістің бірі. Себебі бастауыш сыныпта алған білім бала ғұмырының сәулелі бағдаршамы іспетті. Осындай жауапкершілікті бар болмысымен қабылдап, оқушыларды баласындай көретін Бақыт Әлназарқызы әріптестеріне қашанда үлгі болып келеді.**

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Арал ауданындағы №83 мектептің бастауыш сынып мұғалімі Бақыт Өтемұратованы өз ортасы жас әрі жаңашыл ұстаз деп таниды. Бұл – Бақыттың үнемі ізденіс үстінде жүретін жан-жақты қасиетіне берілген баға. Тіпті ол жайында әріптесі Фарида Әбілова келесідей пікір білдірді:

– Бақыт оқушыларға дәріс беріп қана қоймай, шәкірттерін адамгершілікке, мейірімділік пен имандылыққа тәрбиелеуді парыз деп санайды. Өйткені мектеп партасында тарыдай боп отырған бала елдің ертеңгі болашағы екенін біледі. «Мұғалім – бала жанының бағбаны» деген ұлағатты сөзді биік ұстаған ұстаз әр баланың жан дүниесін ұғынып, қиялы мен қабілетін дөп баса біледі.

Ал Бақыттың өзі «ұстаз болу табандылық пен төзімділікті талап етеді. Қазір оқушыларымды көрмесем сағынатын деңгейге жеттім. Бір сөзбен айтқанда, балалармен бірге жұмыс істеу өмірімнің бір бөлшегіне айналды» дейді. Ұқыптылық пен тазалықты жанына серік еткен Бақыт білімі мен тәжірибесін, бар уақытын оқушыларына арнағанды дұрыс көреді. Әрі баланың санасында адамгершілік қасиеттерді, Отанға деген рухани сүйіспеншілікті арттыратын мәліметтерді жиі айтып отыруға тырысады. Ол әр сабағын, іс-шараларды үлкен ізденіспен, қазіргі заманға сай технологияларды пайдалана отырып, бала жүрегіне жол табатындай етіп өткізеді. Әр істі тыңғылықты атқаратын ол ата-аналармен де тығыз жұмыс



істейді. Содан болар оның шәкірттері тілді, әдет-ғұрыпты қадірлеуді басты ұстаным етіп, білімді бойына сіңіріп келеді.

Жақында ғана республикалық «Үздік мұғалім еңбегі» атты жарыста өзінің жан-жақты тақырыпты қамтитын сабағымен көзге түсіп, «Өрлеу» ұйымының төс белгісіне ие болған Бақыттың алға қойған мақсаты көп. Бүгін ол тағы да үлкен үмітпен, оқушыларға деген риясыз махаббатпен мектепке кетіп барады...

**Жансая ТІЛЕУ, Qyzylorda телеарнасының тілшісі:**

# ЖОҚТЫҢ ЕСЕСІН ТҮГЕНДЕП ЖҮР

«Еліміздің ертеңі – жастар! Біз жастарға жаңа мүмкіндіктер беруіміз керек. Бұл – бизнес ашу, білім алу, жұмысқа орналасу, табыс табу деген сөз. Өз өмірін жақсартуға, мансабы бойынша жоғарылауға арналған әлеуметтік лифтілер іс жүзінде жұмыс істеуі керек. Біздің елімізде бәсекеге қабілетті әрі талантты жастар көп. Сондықтан осындай креатив жастарға кеңінен жол ашып, жағдай жасау керек. Олар жастық шақтың күш-қайратын егемен елімізді өркендетуге жұмсайды деп сенеміз» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Бүгінгідей сананы смартфон билеген заманда салмақты сөз, орнықты ойымен қазақ жастарын серпілтетін басылымның бірі – «Ақмешіт жастары» газеті. Осы міндет жолында, көп жоқтың есесін түгендеуге еңбек етіп жүрген газетке биыл – 8 жыл. Газет ұжымы жастардың мұң-мұқтажын жоқтап, ар-намысын қорғап, олардың әлеуметтік мәселелерін батыл көтеріп келеді. Соның нәтижесінде жыл сайын оқырмандар қатары көбейе түсуде. Осы орайда «Ақмешіт жастары» газетінің ұжымына шығармашылық шабыт, еңбектеріне табыс тілеймін!

БІЗГЕ – 8 ЖЫЛ

# ЖАСТАР ЖАРШЫСЫ

**«Ақмешіт жастары» газеті – Сыр журналистикасы тарихында жастарға арналған тұңғыш басылым.**

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Қазақ журналистикасы тарихында бұдан ғасырға жуық уақыт бұрын жарық көрген қазақ жастарының «Жас азамат» газетінің баспасөз тарихында өзіндік орны бар. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ жастар баспасөзінің төлбасы «Жас азамат» газеті 1918 жылдың сәуір айында барлық жастар ұйымын біріктіріп, басын қосқан «Жас азамат» ұйымының органы (тілі) болып есептелді. Бұл біріккен ұйымның төрағасы М.Мырзаұлы, басқарма мүшелері С.Сәдуақасұлы, М.Сейітұлы, Т.Досымбекқызы, Ә.Байділдәұлы сияқты қазақтың біртуар ұл-қыздары болатын. Ал осы ұйымның тілі «Жас азамат» газетінің шығарушысы (редакторы) Қошке Кемеңгерұлы еді. «Жас азаматтың» алғашқы нөмірі 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген. Барлық қазақ жастарының үніне айналған, тіпті жастардың өз қаржысымен шыққан бұл басылым өз уақытында ұлт тәуелсіздігін жоқтаған басылым болды.

Жас азаматтың» алғашқы нөмірінде Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі жарияланғаны, ал ғасырға жуық уақыттан кейін 2013 жылдың 7 қыркүйегінде жарыққа шыққан Сыр журналистикасының тарихында тұңғыш жастар газеті ақын Мағжанның «Мен жастарға сенемін!» атты өлеңін ұран етіп алуы – тарих сабақтастығы дер едік. «Ақмешіт жастары» – тәуелсіз қазақ еліндегі жастарға арналған тұңғыш басылымның бірі.

«Ақмешіт жастары» газетінің жарыққа шығу тарихы жастар ұсынысынан туындағанымен, бұл идея тәуелсіз мемлекетіміздің жастар саясаты тұжырымдамасы негізінде жүзеге асты. Сол себепті де жастар басылымы туралы айту үшін ең алдымен тәуелсіз елдің жастар саясатынан айналып өте алмаймыз. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі басымдықтары 1999 жылғы 28 тамызда қабылданған №73 Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасына енгізілген. Тұжырымдама жобасын дайындау барысында қазақстандық жастардың әлеуметтік көңіл-күйін зерттеу бірқатар проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді. Әлемдік экономикалық дағдарыс, діни экстремизмнің таралуы жастардың өзекті шақырулар мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси өміріндегі өзгерістерге жеткілікті түрде дайын емесін көрсетті. Жастардың білім саласындағы мәселелері едәуір шешілген, ал медициналық қызмет көрсету мәселелерімен қоса жұмысқа орналасу және тұрғын үй өзекті болып қала беретінін уақыт көрсетіп отыр. Өзектілігі бойынша кезекті мәселелердің қатарында жастар ортасында есірткінің таралуы, діни экстремизм мен терроризм қаупі бар. Жастар санының қысқаруы еңбек ресурстары мәселелерінің туындауына, экономиканың әртүрлі саласында білікті кадрлардың азаюына әкеліп, Қазақстанның сыртқы технологиялық тәуелділік қаупін күшейтеді.

Тұжырымдама дайындау барысында жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесі жастардың білім саласындағы проблемалары едәуір шешілген, тек 4,4% мүлде шешілмегенін көрсеткен. Медициналық қызмет көрсету бойынша проблемалар 25,3% шешілсе, сауалнамаға қатысқан жастардың 6%-ы бұл мәселе мүлдем шешілген жоқ деп көрсеткен. Жұмысқа орналасу және тұрғын үй проблемасын шешуге, сондай-ақ әлеуметтік қызметке қатысты респонденттердің 20%-ы аталған сұрақтарға нақты жауап бере алмаған. Бұдан аталған проблемалардың өзекті болып қалатынын, сонымен қатар бұл проблемалар респонденттердің 15%-ында мүлде шешілмегенін көреміз. Респонденттердің 20,6%-ы жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетпейді деп белгілеген. Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқандардың 18,5%-ы өзінің материалдық жағдайын төмен бағаласа, 18,4%-ы жауап беруге қиналған, 8,3%-ы ғана материалдық жағдайын жоғары деп бағалаған. Жастардың мәдени деңгейінің төмендеуі (16%) тағы бір мәселе болып саналады. Өзекті проблемалардың қатарында жастар арасында есірткінің таралуы – 15%, діни экстремизм мен терреоризм қаупі – 12%. Соңғы мәліметтер бойынша жастар саны артқанмен болжамдық мәліметтерге сүйенсек, жастар саны 2015 жылы 4,52 млн., 2020 жылы 4,13 млн болған.

Жалпы жастар саясатын жүргізу кез келген ел үшін оңай емес. Өйткені жастар саясатын жүргізудің шығыны мол, әрі ол шығын бірден қайта қоймайды. Сондықтан нақ осы мәселемен мемлекет деңгейінде айналысатын елдер әлемде өте санаулы. Олардың бірінде өз жастарына мемлекеттік деңгейде қамқорлық жасауға мүмкіндік жоқ болса, енді бірінде қоғамдық құрылыс пен ділінің деңгейі сәйкес келмейді. Мәселен, Америкада әлі күнге дейін жастар туралы мемлекеттік саясат жоқ. Олардың жастары жекеменшік, соның ішінде қайырымдылық, демеушілік қорларына үміт артады. Сарапшылардың айтуынша, әлем бойынша жастар саясатымен белсенді шұғылданатын елдердің бірі Германия екен. Бұл елдің жастары үшін заңда белгіленген қамқорлық негізінде білім алып, емделумен қоса басқа да әлеуметтік жағдайлар жасалған.

Жастар саясатымен белсенді түрде айналыса бастаған елдердің бірі – біздің Қазақстан. Жастардың тегін орта білім алуы, дипломмен ауылға барған жастарға берілетін көтерме жәрдемақылар және жастар өміріне позитивті сипат беретін мемлекеттік деңгейдегі жобалар – бәрі де қайтсек келешегімізді кемел етеміз деген тілектің аясында жасалып отыр. Бір сөзбен айтқанда, табысты, толыққанды, бәсекеге қабілетті және патриот жас қазақстандықты қалыптастыруды көздейтін тұжырымдаманың негізінде жастар саясатын жүзеге асыру барысын жариялап отыратын республикалық жастар газеті, аналитикалық журнал, телебағдарлама, толықметражды көркем және деректі фильмдер, «e-zhastar» интернет порталы құрылады деп көрсетілген.

3

BÁREKELDI

## IESO-2021: ЖАС ЗИЯТКЕРЛЕРЛЕРДІҢ ЖҮЛДЕСІ




**Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушылары Жангерей Зинелов пен Данагүл Келдібай Халықаралық IESO олимпиадасының жекелей есебінде қола жүлдегер атанды.**

14-інші халықаралық білім бәйгесін биыл Түмен мемлекеттік университеті ұйымдастырды. 34 елден 200-ден астам оқушы қатысқан додада зияткерлік мектеп атынан 3 оқушы бақ сынады. Олардың екеуі үшін олимпиада сәтті аяқталды.

– Бұл олимпиадада 4 сағат бойы Data Mining Test (DMT) орындадық. Тапсырмаға сәйкес геология, метеорология, мұхиттану, астрономия бағытында екі тәуелсіз тақырыптық зерттеулерді шешіп, оларды саралау керек болды. Білімімізді шыңдай отырып, тәжірибе алмастық, – дейді Жангерей.

IESO – жер туралы ғылым бойынша әлем оқушыларының жарысы. Республикалық кезеңдерде оза шапқан жас геологтар әлемдік кезеңде білімдерін саралайды. Пандемияға байланысты жарыс қашықтан ұйымдастырылып, оқушылар «good» (қола), «very good» (күміс), «excel-lent» (алтын) болып бағаланды.

«Бұған дейін жеңімпаздарға Назарбаев Университетінің оқу гранты тағайындалса, биыл Ресейдің ұлттық зерттеу институтының, Жоғары экономика мектебінің білім грантын тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндіктері болады», – дейді жетекшісі Мұхтар Әбілмаев.

## ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ – 2021

**ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының тапсырмасы аясында “Денсаулық фестивалі – 2021” басталды.**

«Сау бол, жүз жаса!» атты ұранмен басталған «Денсаулық фестивалі – 2021» ұлттық бағдарламасы халықты белсенді өмір салтын жүргізуге, саламатты өмір салтын қалыптастыруға, жеке денсаулықты сақтау мен нығайтуға, дұрыс тамақтану және зиянды әдеттерден бас тартуға үндейді. Денсаулық фестивалі аясында өткізілетін іс-шаралар иммунитеттің тұрақты болуына, жұқпалы, жүрек және қан тамырлары ауруларының алдын алуға, тұмаумен сырқаттану қатерлерін азайтуға, өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, жалпы өзін-өзі жақсы сезінуге ықпал етеді.

Фестиваль аясында халық арасында белсенді және саламатты өмір салтын қалыптастыру, аурулар мен мінез-құлықтың қауіпті факторларының алдын алу үшін ақпараттық алаң құрылады. Сондай-ақ тұрақты физикалық белсенділікті, вакцинаның пайдасы турасында қоғамдық оң пікір қалыптастыруға арналған іс-шаралар ұйымдастырылады.

## ОҚУШЫЛАРМЕН ОЙ БӨЛІСТІ

**Қазіргі кезеңде жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайға бейімделуіне, мінез-құлқының қалыптасуына, тұлға ретінде дамуына әсерін тигізетін тиімді жолдарды көрсету – басты мәселенің бірі. Осы мақсатта жастар ресурстық орталығының мамандары облыстық девиантты мінез құлықты балаларға арналған интернатына барып, әріптестік бағытта байланыс орнатып, оқушылармен етене сұхбаттасты.**



Кездесу барысында орталық мамандары оқушылар тарапынан қойылған барлық сұраққа жауап беріп, тақырып аясында туындаған мәселелердің заңды шешу жолын түсіндірді. Сонымен қатар «Жастар орталығында» атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып, тәрбиенушілерге кез келген уақытта орталықтың есігі ашық екенін жеткізді. Сондай-ақ іс-шара барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы насихатталды.

## БАҚЫТБЕКТІҢ ЖЕҢІСІ

**Бақытбек Үмбеткұлов – бала кезінен спортқа жақын өскен және осы салада жеңіске жетуді мақсат еткен азамат. Бүгінде ол – Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара кызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің әскери қызметкері.**

Бақытбек биыл Ташкент қаласында өткен әлем біріншілігінде қойын-қолтық ұрыс түрінен жүлделі ІІІ орынды иеленді. Ал 25-28 тамыз аралығында Алматы қаласында ұйымдастырылған Қазақстан кубогында қойын-қолтық ұрыс түрінен тағы да осы жеңісті сәтті қайталады. Осындай мерейлі сәтке қарап Бақытбектің кез келген уақытта жарысқа үлкен даярлықпен шығатынын көруге болады.

Спорт адам бойындағы шыдамдылық пен жауапкершілік сынды асыл қасиеттерді шыңдай түседі. Сондықтан ел келешегі жастар қай салада да жеңіс тұғырында болсын деп тілейміз!

**Гүлмира ПІРІМЖАНОВА**

## ТІЛ МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА




**№198 орта мектепте мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесіне арналған кездесу өтті. Іс-шара Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өңірде іске асыру мақсатында ұйымдастырылған.**

Шараға «Қоғамдық келісім» КММ директорының кеңесшісі Ержан Уайс, ҚХА мүшесі Анжела Садықбекова, қазақ тілі пәні мұғалімі Гүлстан Бақтыбаева, бастауыш сынып мұғалімі Эльмира Мкртумэн және Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектебі директорының ғылыми-методикалық ісі жөніндегі орынбасары Әйгерім Қоңырбаева қатысты.

Қатысушылар мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту бағытында сөз сөйлеп, баяндама жасады. Кездесу соңы сұрақ-жауап пен пікір алмасуға жалғасты. Айта кетейік, отызға тарта түрлі этнос оқушылары білім алатын Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектебі білім алушыларының 70 пайызы қазақ тілінде еркін сөйлейді.

## МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРА: ЖАҢА ТАЛАП



**Қазақстанда магистратура мен докторантураға қабылдау талаптары өзгерді. Бұл жайында еліміздің Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook парақшасында мәлім етті.**

«Жоғары оқу орындарының қауымдастығы мен Ректорлар кеңесі Тамыз кеңесінің отырысында магистратура мен докторантураға қабылдауға қатысты ұсыныстар енгізген болатын. Егжей-тегжейлі талқылаудан кейін біз қабылдау ережелеріне өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдадық. Енді магистратура мен докторантураға қабылдау жылына екі рет өткізіледі.

Яғни магистратура мен докторантураға түсу емтихандары дәстүрлі түрде тамыз айында және қосымша желтоқсан айында ұйымдастырылады. Осы норма 2021 жылы күшіне енеді деп жоспарлап отырмыз» деп жазады министр.

Оның айтуынша, осы мақсатта Ұлттық тестілеу орталығының қызметкерлері кешенді тестілеу мен түсу емтихандарын қосымша ұйымдастырады. Құжаттарды қабылдау қараша айында басталады.

«Әлбетте, құжаттары мен емтихандарын тапсыруға, қажетті сертификаттарды алуға үлгермегендер үшін бұл жағымды жаңалық екені сөзсіз. Жазғы қабылдау науқаны мен өткізілген емтихандардың қорытындысы бойынша магистратура мен докторантураға арналған білім беру гранттарының артық қалуына байланысты азаматтар осы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік гранттарды иелене алады. Дайындық бағыттары бөлінісінде гранттардың саны мен құжаттарды қабылдаудың нақты мерзімі туралы ақпарат қосымша жарияланады» деп түйіндеді сөзін Асхат Аймағамбетов.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ШОЛУ



**“ҚазҒарыш сапары” ғимаратында тіл мамандарының қатысуымен “Қазақстан тарихына шолу” тақырыбында кездесу кеші өтті.**

Шара барысында ҚР Президентінің “Байқоңыр” кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының бөлім басшысы Г.Көшкембаева мамандарға жылы лебізін білдіріп, алдағы уақытта атқаратын жұмыстарына сәттілік тіледі. Кездесуде жас мамандар мен келген қонақтар өлең оқып, еркін пікір алмасты.

## АЯЛДАМАҒА ҚАЗАҚША АТАУ БЕРІЛЕДІ



**Бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту мақсатында жүйелі жұмыс істеп жүрген ұйымның бірі – «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы.**

Қазақ тілін білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналдыруды мақсат еткен қоғамдық бірлестік 32 жылдан бері жеке ұйым ретінде еңбек етіп келеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Аңсат ұйымның атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспарын ортаға салды. Сәдуақас Әбдіқадырұлының айтуынша, қазір қала ішіндегі қоғамдық көлік аялдамаларына қазақша атау беру мәселесі қолға алынған. Ұйым бұл бастамасын облыстық ішкі саясат басқармасы және облыстық тілдерді оқыту орталығы арқылы жүзеге асыруда.

Айта кетейік, осыған дейін «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы аялдамаларға қазақтың зиялы қауым өкілдерінің суреттерін қоюды алғаш болып ұсынған еді.

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА – 30 СҰРАҚ

**Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында Жаңақорған ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ және “Қазақстан жастар фракциясы” қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Жаңақорған кентінің орталық алаңында интеллектуалды сайыс өтті.**

КАНООТ қосымшасы арқылы өткен «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 сұрақ» сайысына 20-ға жуық кент тұрғыны қатысып, біліммен бақ сынасты. Сайыс соңында үздіктер қатарынан көрінген қатысушыларға алғыс хат пен естелік сыйлықтар табысталды.



## КӘСІПКЕРЛЕР САНЫ АРТТЫ



**Бір жыл ішінде облыста шағын және орта кәсіпкерлік саласында 7679 жаңа жұмыс орны ашылған. Өткен жылмен салыстырғанда өсім – 8,5%. Бұл туралы Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов Жолдауды талқылауға арналған активте мәлімдеді.**

– Мемлекет пандемия кезінде кәсіпкерлерге ауқымды қолдау көрсетті. Салықтан босатты. Облыста 460 кәсіпкерлік субъектінің несиелері бойынша төлемі кейінге шегерілді. Экономиканың зардап шеккен салаларындағы 40 кәсіпкердің жоғары пайызбен алынған несиелері 6%-ға дейін субсидияланды. Айналым қаражатын жеңілдетіп беру жөніндегі несиелендіру бағдарламасы іске қосылды. Шектеу шаралары кезең-кезеңімен алынып, реттеліп жатыр», – деген Палата басшысы осы қолдаулардың арқасында пандемияның салдарына қарамастан шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында оң өзгерістер бар екенін жеткізді.

Аймақта кәсіпкерлердің саны да артқан. Соңғы деректер бойынша облыста жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 50 357-ге жетіп, былтырғымен салыстырғанда 9,1 %-ға немесе 4 204 нысанға артқан.

Жолдауда Президент 2025 жылға дейін 1000 мектеп салуды міндеттеді. Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн екенін атап өтті.

– Біздің облыста жеке мектептер салу бойынша оң тәжірибе бар. Бүгінгі таңда жергілікті кәсіпкерлер жан басына шаққандағы қаржыландыру тетігі негізінде 5000 оқушыға 12 жеке мектепте білім алуға жағдай жасаған. Дегенмен Білім және ғылым министрлігінің мәліметтері бойынша Қызылорда қаласында 7 мыңнан астам оқушыға орын жетіспейді. 2023 жылға дейін бала саны тағы бірнеше мыңға көбейеді. Өткен жылдың өзінде 21 мың бала дүниеге келген», – деді Кәсіпкерлер палатасының басшысы.

Ол осы тапшылықты жою үшін жер учаскелерін бөліп, жергілікті ірі кәсіпкерлерді жеке мектеп салуға тартуды ұсынды. Өтемақы қаражатының республикалық бюджеттен бөлінетінін, жергілікті бюджетке ауыртпалық жоқ екенін атап өтті.

Бетті дайындаған: Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

*Жалғасы. Басы 1 бетте.*

# ЖАСТАР ЖАРШЫСЫ



**2013 жыл мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының жобасы жер-жерде қызу талқыланып, жастарға қатысты мәселе атқарушы биліктің, орталық жергілікті органдардың қызметін бағалаудың бір өлшемі ретінде қарастырылып жатқан уақыт еді. Осының аясында Сыр өңіріндегі алқалы жиындардың бірінде жастар «төл газетіміз болса» деген ұсыныс айтты, сол кездегі облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қолдады. Ұсыныс, қолдаудан кейін көп ұзамай осы жылдың күзінде газет баспаханадан оқырмандарына жол тартты. Осы тұста жамбылдықтар аймақтық жастарға арналған «Арай», шығысқазақстандықтар «Шығыс шұғыласы» деген газетін шығара бастады.**



Республика бойынша жастарға арналған облыстық үш газеттің бірі – Қызылорда облысынан шығатын «Ақмешіт жастары» газеті. Бас редакторына бұған дейін тәуелсіз «Халық» газетінде журналист, «Қазақ» радиосының «Ақпараттық сараптамалық және таңғы бағдарламалар» редакциясының шеф-редакторы қызметін атқарған және республика жастарына арнап «Stars kz», «Maestro kz» түрлі-түсті журналдарын шығарған Айжан Абдуллаева тағайындалды. «Сыр медиа» ЖШС құрылтайшылығымен шыққан «Ақмешіт жастары» А3 форматпен, аптасына бір рет, 12 бет болып, алғашқы санынан-ақ 5000 таралыммен шықты.

Газетті оқырманға жеткізу, өткізу жұмысы да – газет өндірісінің бір кезеңі. Қызылордалық жастар төл басылымын оқырманға жеткізу жауапкершілігін алғашқы айларда-ақ жұмыла көтерді. Газет шығару ісіндегі алғашқы айлардағы қауырт тірлік мына естелікте әдемі суреттеледі: «2013 жылдың 7 қыркүйегі. Газеттің алғашқы нөмірі жарыққа шыққан күн. Редакция ұжымы қатты қуандық. Алайда газет апта сайын жастардың қолына жетуі үшін біраз тер төгуге тура келді. Газетті жүз, мың данадан буып сатуға алып шықтық. Қаладағы, аудандардағы барлық жастар ұйымы, оқу орындарының басшылары мен жас кәсіпкерлер қолдау білдірді. Сол кездегі «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Еркебұлан Меңлібаев, Абылайхан Сабанбаев, Ғани Байұлы, облыстық жастар саясатындағы Жандос Тұсмағанбетов, Бауыржан Мастеков, Айбол Қозыбақов, Мұхтар Ибраев, Айдынбек Скендіров, Әлібек Ізбасаров, Әлібек Қуаныш, Қуаныш Жиенқұлов, Нұрбол Бакиров, Мақсат Құлмырзаев, Мақсат Әлиев, Әділ Әбілқайыр, Айдана Маманова, Ынтымақ Боранбайұлы, Ержан Жақып секілді белсенді жастар газеттің жеті ауданға жетіп, ауыл-ауылға таралуына көмектесті.

Жастар басылымы ұжымы да жастардан құралған. Бас редактор – Айжан Абдуллаева, бас редактордың орынбасары – Гүлбану Мақажан, тілшілер – Құралай Рахымбаева, Ақмарал Олжабаева, Дастанбек Садықов, Сара Омарова, дизайнер Мұстафа Байходжаев газеттің алғашқы нөмірінен бастап жастар тақырыбында қалам тартып, газеттің бет-бейнесін қалыптастыруға үлес қосты.

Жастар басылымының мақсаты айқын, аудиториясы да белгілі. Басылым алғашқы нөмірінен-ақ өзінің негізгі мақсаты жастар белсенділігін оятуға үн қосатынын білдірді.

Жастар үнінің жарыққа шығуына лебіз білдірген елге белгілі есімдер тілектестікпен қатар жас басылымға міндет жүктейді. Жазушы, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Қуаныш Жиенбай басылымның алғашқы нөміріне лебіз білдіре отырып, кейінгі толқынға бағыт-бағдар береді: «Сыр өңірі жастарының жеке басылымы болғаны қуанышты жағдай. Біреулер онсыз да газет-журналдардан аяқ алып жүре алмаймыз деуі мүмкін. Бұл – түсінбестікпен айтылған тұжырым. Жастар саясаты, отаншылдық сезім, өткен тарихты ұлықтау, бүгінгі біз бастан кешіп отырған қоғамдық құбылыстарға жаңа тұрпатты ойлау жүйесі қалыптасқан тың, мүлдем жаңаша көзқараспен үңілу – «Ақмешіт жастарының» күн тәртібінен түспейтін басты тақырыптары болуға міндетті. Қарт Қаратаудан Аралға дейін созылып жатқан кең тынысты аймақ әлі күнге дейін бар құпиясын ашып, елге толықтай қазынасын беріп үлгерген жоқ. Жастар басылымы осы төңіректі де молынан қамтыса деймін. Тиынның сылдыры естілген жерде рухани әлемнің еріксіз екінші планға ысырылатыны белгілі. Апталықтың ат байлайтын бір темірқазығы осы. Топан газеттердің арасынан жұлқынып шығып, жастарға тән қайрат, мінез көрсетсеңіздер, ұтылмайсыздар».

Ақын, Қазақстанның құрметті жазушысы Әскербек Рахымбекұлы «Аймағымызда жастарға арналған жаңа басылым шығатынын естігенде біз, байырғы баспасөз қызметкерлері, кәдімгідей қуанып қалдық. Өйткені, біз білерде, облысымызда бұрын-соңды жастарға арналған газет болған жоқ. Ендеше бұл – Сыр жастарының облыстық тұңғыш төл басылымы. Кешегі кеңестік дәуірде облыста бірі қазақша, бірі орысша – екі газет шығып тұрды. Ал аудандарда бір-бірден шағын форматпен газеттер жарық көрді. Тәуелсіздік заман бұқаралық ақпарат құралдарына кең жол ашты. Бұл күнде облыс аумағында жүзге жуық үлкенді-кішілі газеттер мен журналдар шығып жатыр. Олардың демеушісі де, жебеушісі де әркилы және ол өзінше әңгіме. Сыр елі жастарының бұл төл газеті облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, білім мен мәдениеттің кең өріс алуына, халқымыздың рухани өсуіне жастарды жұмылдырады деп сенеміз. Ұлтымыздың ұлы байлығы болып саналатын тілі мен ділін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ғылымы мен анығын жас ұрпақтың санасына сіңіруге, оларды отаншылдық рухында тәрбиелеуге қызмет етеді деген ойдамыз» деп жастар басылымына үлкен үміт артады.

Жергілікті басылымдар да Сыр елі ақпарат айдынына жастар газетінің қосылғанын сүйіншілей жазды.

Ел қуана қолдаған, жастар өз үнім деп асыға күткен «Ақмешіт жастары» басылымы жастар саясатын жүзеге асыруға қаншалықты үлес қоса алды деген сауалдың туындауы заңдылық. Бұл мақсатта сүйенетін тірек – жастар саясаты тұжырымдамасы. Тұжырымдамада жастар саясатын жүргізуде ақпарат құралының үлесі анық жазылған: «Ақпарат құралдарының, озық ойлы, зиялы қауымның күш жігері, тәрбиенің бағыттылығы қоғамда отансүйгіштік, іскерлік, үлкенді сыйлау, өзін қастерлей білу, жеке басы мен жақындары үшін жауапкершілікті сезіну сияқты қасиеттерді жоғары қоятын оңтайлы орта қалыптастыруға септігін тигізу қажет. Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамдағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға – Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс».

Жастар басылымындағы жастар тақырыбы ел Президенті бекіткен мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасына негізделеді. Бұл тұжырымдаманың аясында 2020 жылға дейінгі бағдарлама жасалған. Бағдарлама – жастардың мемлекет құрылысындағы рөлі мен орнын жете бағалау және қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытуда бірден-бір маңызды бағыт. Дәстүрлі жастар мәселелерін шешудің мазмұны мен тәрбие тәсілдері жаңа тарихи жағдайларда мүлде өзге қырынан қарастырылуға тиіс. Жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырып, алдыңғы буынның әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне сүйене отырып, әлем өркениетіндегі озық үлгілерді игеруге жол ашу – дамуға ұмтылған, әлеуеті күшті қоғамның бір көрінісі болса керек. Мемлекеттік жастар саясатының аясында жастар бойында патриотизмді қалыптастыру, рухани дамыту, білім беру, денсаулық, еңбек саласындағы құқықтарын қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін дербес жүзеге асыруға жағдай жасау, саламатты өмір салтын ұстанып, зияткерлік дамуына жағдай жасау, қоғамдық игі бастамаларын қолдау, ынталандыру, халықаралық мәдени, ғылыми, экономикалық процестерге тарту деген тақырыптар туындайды. Жас шамасы, әлеуметтік әртектілік мәселелері міндетті түрде ескерілетін осы қағидалар заңнамалық және атқарушы биліктің орталық және жергілікті органдардың қызметін бағалаудың бір өлшеміне айналғанда нәтижелі болады.

Газеттегі жастар тақырыбын жазу 5 критерийге бөлінді:

1. Жастар ұйымдастырған іс-шараларды және жастарға қатысты мәселе көтерген дөңгелек үстел мен жиналыстарды ақпараттандыру;
2. Көшбасшы, іскер, өз ортасында жетекші жастар жайында эссе, очерктер;
3. Зияткерлік қабілетке ие, өнертапқыш жастардың жаңалығын жариялау;
4. Қоғамдағы жастардың өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киім киісі, т.б. әдеп пен мінез-құлық мәселелері аясында ой-пікірлер;
5. Дерек пен дәйек негізінде сараптамалық-талдау-журналистік зерттеу.

Басылымның алғашқы жылдарынан-ақ газеттің ұстанымына сай жұмыс жүйесі жоспарланғаны сезіледі. Жастар үнінің бір ерекшелігі, алғашқы нөмірінен арнайы беттер мен айдарлардың латын қарпінде берілуі көзге тосын көрінгенмен, жаңалық болды.

Жалпы, жастар газетінде әрдайым оқырманмен сырласу, оқырманмен ой бөлісу, оқырман назарын аудару формасы ерекше әрі белсенді жүргізіледі. Жастарды газет айналасына топтастыру, оқырманмен тығыз байланыс орнату мақсатында газет алғашқы жылдардан жастарды белсенділікке шақыратын шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Мәселен, алғашқы жылы оқырманның дауыс беруімен анықталатын жастар арасында «Сыр сұлтаны», «Ақмешіт аруы» байқауын газет арқылы ұйымдастыруы жастар аудиториясына үлкен әсер сыйлағанын байқау жарияланған сәттен бастап нөмір сайын байқауға қатысуға үміткерлердің үзілмегенінен аңғарылады. Сондай-ақ басылымның жастар шығармашылығын шыңдау үшін шығармашылық бәйге жариялайтыны да газет бетінде жас таланттардың есімін тануға, қолына қалам ұстаған талапты жастардың редакцияға жиі бас сұғуына жол ашты.

Жастар басылымы мазмұны жағынан үлкен де, кіші де, жас та, кәрі де оқитын, тіпті кез-келген жастағылар қалам тартатын басылымға айналғанын байқау қиын емес. Газетте «Ардагер», «Студент», «Бота» арнаулы беттерінің шығуы осының айғағы.

Газет жарыққа шыққан сәттен бастап оқырманмен тығыз байланыс орнатудың түрлі әдіс-тәсілдеріне жүгінді. Түрлі шаралар мен бәйгелерден бөлек, оқырман хаттарын үзбей жариялау, мерекелік күндермен айтулы оқиғаларда оқырманға арналған мақалалар жазу – газеттің өзіндік стилі болып қалыптасқан. Соңғы жылдары баспасөз бетінде көптеген жанрлар келмеске кетті. Солардың бірі – хат. Бұрын редакцияларда оқырманнан келетін толассыз хаттарды қорыту үшін хат бөлімі болса, қазір оның қажеті болмай қалды. Себебі оқырман хаты бүгінде ілуде біреу. Газеттің оқырманмен байланысты үзбеуі, әрбір хатқа мән беру дәстүрі жастар басылымында алғашқы жылдан-ақ айрықша байқалады. Бұрын жастар іздеп оқитын республикалық «Жас алаш» газетінде «Мақатев 22» беті оқырман хатынан босамайтын. Арнаулы беттің атауын редакцияның мекенжайы екенін кейін түсіндік. Сол сияқты «Ақмешіт жастары» газетінің «Абай 60» арнаулы бетін әдепкіде түсінбей қалғанымен, қырағы оқырман газеттің оқырман хатын асыға күтетінін түсінді. Бұл редакция мекен-жайы Абай көшесі 60 үй дегенді меңзейді. Оқырманнан келетін хат азайғанын, газеттің оқырман белсенділігін оятуға ықыласты екенін мына мақала үзіндісінен байқауға болады: «Осыдан бірер жыл бұрын қолына қалам алып, хат жазып, пошта арқылы жолдайтын жақсы дәстүр бар еді. Оқырман хаты жету үшін арада бірнеше күн өтетін. Сонда да газетке сенетін ағайыннан хат үзілмейтін. Қазір заманауи хат алмасу үлгісі электронды поштамен көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызып отыр. Бұл сіз бен біздің байланысымызды арттыра түсуге тиіс еді. Хат келмейді емес, келеді-ау, бірақ қарқыны бәсең. Арада бір үнсіздік бар. Бұл үнсіздік елдің мұңсыздығы емес, болып жатқан оқиғаларға бойкүйездік (еті үйренген, көзі үйренген) немесе немқұрайлылық, немкеттілік, басқалай да себебі болуы мүмкін» дей келіп оқырманды хат-хабар алмасуға шақырады.

Жастар басылымының өзгелерден ерек тағы бір ерекшелігі – бас редактордың қолтаңбасы. Баспасөз тәжірибесінде бар, алайда соңғы кездері бас редакторлардың аты-жөнін газеттің соңғы бетінен ғана оқығанымыз болмаса, мақала авторы ретінде кездесе бермейтіні шындық. Бас редактордың жиі қалам тербеуі оқырманға жылы әсер сыйлап, басылымды салмақты ете түсетінін қырағы оқырман бірден байқайды. Тіпті бас редактор қаламынан туған дүниенің алғашқы оқырманы шығармашылық ұжым екені даусыз. Тіпті бұл жас шығармашылық ұжым үшін үлкен мектеп екені даусыз.

Оқырманмен тығыз байланыс орнату – оқырманға арналған мақалалар жазу. Бұл әрбір оқырманға арналғандай әсер қалдыратыны баспасөз тәжірибесіндегі бар әдіс. Жарты ғасыр бұрын жарыққа шыққан «Жас азамат» газетінің өзі көп мақаланы тікелей оқырманға арнаған. Мәселен, «Жас тілек», «Газет-журнал оқушыларға» атты мақалалар осының айғағы. Сол сияқты қазақ баспасөзіндегі бұл әдемі әдісті жастар басылымы да әрдайым пайдалана алатыны қуантады.

Арнаулы беттер мен айдарлар 8 жыл ішінде қалай түрленгенін төмендегіше тізбектедік: «Жаршы» – «News», «Айна» – Jastar News», рухани бет «Үт» – «Pozitive», «Дода» – «Sport», «Компас» – «Бағдар» – «Bizness»,, «Нысана», Motivation – «Analysis», «Дауа» – «Medicina», «Бастаңғы» – «Бозбала-бойжеткен» – «Студент» – «Student», «Шаңырақ» – «Отбасы», «Талқы» – «Discuassion», «Текемет» – «IT», «Қамшы» –«Actual», «Діңгек» – «Қазына» – «Көмбе» – «Tarih», «Абай 60 – Қоржын – «Hattar», «Шамшырақ» –«Innovation», «Бота» –««School», «Папарацци» – «Шоу-Бизнес» – «Music», «Тұғыр» – «Interview» болып түрленсе, кейін газеттің D2 форматымен 8 болып шығуына орай кейбір атаулы беттер бағытына қарай біріккен. Мәселен, құқық, заң тақырыбындағы материалдар «Тәртіп», «Таразы» беттері «Dissipline» арнаулы бетіне біріккен. Сондай-ақ оқырмандар сұранысына орай, 2018 жылдың қыркүйегінен бастап «Finance» (Финанс), «Economy» (Экономика) беттері шыға бастады.

2015 жылы газеттің бас редакторы қызметін уақытша белгілі журналист Назерке Саниязова атқарса, 2017 жылы редактордың міндетін атқарушы – Дастан Садық. Басылымға уақытша редактор болған олар жастар басылымының ұстанымын сақтай отырып, мазмұнын көтеруге үлес қосты.

2016 жылы оқырмандар үшін газеттің электронды нұсқасы әзірленді. Оқырмандар газет материалдарын және күн сайынғы ақпаратты енді сайттан оқуға мүмкіндік алды.

2016 жыл – ел тәуелсіздігінің 25 жылы. Жастар үні тәуелсіздік жемісін жастар саясатының жүзеге асуымен байланыстырып, жыл бойы тұрақты материалдар беріп отырды. Әр нөмір сайын «Тәуелсіздікке 25 жыл және Ақмешіт жастарының 25 табысы» айдарымен өңірде жастар саясатын жүзеге асыруда озық 25 істі үлгі етті. Соның бірі – жастар газетінің жарыққа шығуы деп көрсеткеніндей, жастар газеті де ақпарат айдынында еркін жүзуге талпынған табысты басылымдардың бірі болды.

2018 жыл – газеттің бесінші жылы. Газеттің жарыққа шыққанына 5 жыл толу датасын газет ұжымы ескерусіз қалдырған жоқ. Мұнда да оқырманмен бірге, жастармен бірге. Бес жылдыққа орай «Біздің жастар: сөзден іске» деген тақырыпта оқырман шығармашылығына байқау, «Ақмешіт жастарының кубогы» үшін жайдарман ұйымдастыру да басылым мен оқырман жастар арасын жақындата түсті.

2019 жыл жастар үнінің жылы болды. Елімізде 2019 жыл – Жастар жылы деп аталуы жастар басылымына да үлкен жауапкершілік жүктегені рас. Еліміздегі айтулы оқиғаларды оқырманмен бөлісіп отыруды дәстүрге айналдырған басылым атаулы жылға орай былай деп жазады: «Күнтізбе жаңарып, жаңа жыл кірді. Елбасы жастар жылы деп жариялаған 2019-дан елдің креативті бастамалар мен отаншыл рухта керемет жобалар күтетіні белгілі. Әрине сиқыршының қолындағы таяқшасындай сілкіп қалғанда аспаннан ғажайыптар жаумайды. Қайсыбір істі қолға алсақ та, бұл жастардың батыл ұсынысы мен байыпты ойларының нәтижесі болары анық, ең бастысы, ел қалай қабылдайды – мәселе сонда. Мектептегі бала-шағамыздан бастап, орда бұзар отызға жақындаған жігіттер мен қыздарға дейін әзіл-оспақ, қағытпа қалжыңның айналасында жайдарманшылап кетпейтін шығармыз деген ойдамыз. Әрине күлген жақсы, күлдірген одан да жақсы. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған іс-шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының платформасын қалыптастыру – жастар жылының басты мақсаты болу керек» деп жазды.

Осы жылы газетте жастар саясатының әлемдік үлгісіне талдау жасалған мазмұнды мақалалар жиі жарияланады. Мәселен, Нұрбек Шынтеміріұлының «Жер жаһандағы жастар саясаты» атты мақаласы, Айжан Абдуллаеваның «Ақыл-ой қуаты немесе жастар білуге тиіс бір әңгіме», «Басты назар – жастарда» атты мақаласы айтулы жылы жастарға ғана емес, аймағымызда жастар саясатын жүргізуге бағыт-бағдар көрсеткен дүниелер болды. Жастар тақырыбын әр қырынан беруге маманданған басылым бұл жылы да аянып қалған жоқ. Жастар жылының мазмұнды өтуіне үлес қосты.

Жастар үнінің еліміздегі айтулы оқиғалар мен мемлекет саясатын жүргізуге үлес қосуда өзіндік қолтаңбасы бар. Қандай да оқиға болсын, ресми мәліметтен бөлек, сол кездегі көңіл-күйді дөп басып, кей мәселелерде «дұрысы қайсы, бұрысы қайсы» деп ақпарат іздейтін қоғамға дұрыс бағыт бағдар беріп, шынайылықты жариялау үшін журналистік ізденіс, әрдайым оқырманмен бірге болатыны, оқырманмен риясыз ақтарыла сырласатыны – жастар басылымының сегіз жыл ішіндегі жеңісі.

Жарыққа шықанына бар болғаны 8 жыл болған газеттің азды-көпті тарихын түгендеу барысында басылымның бүгінде жоғалып бара жатқан хат жанрын уақыт талабына сай жандандыра түскенін байқадық. Редакцияға келген хаттар болып жинақталып, том-томға айналған. Оның ішінде газетке жарияланғаны да, жарияланбағаны да бар. Жарияланбаған хаттар не үшін жарияланбағаны туралы редактордың түсіндірмесі әр хаттың соңында жазылып, мұқият сақталған.

Бүгінде «Ақмешіт жастары» газеті талантты да, талапты жастар түлеп ұшатын ұстахана іспетті. Ақмарал Олжабаева, Елжас Әбділда, Бағлан Тілеубергенова, Дәулет Қырдан, Мөлдір Қалымбет, Мәди Құрманәлиев, Жарасхан Қуанышбайұлы, Айдана Жұмадинова, Ержан Қожас, Ақтілек Бітімбай, Ерхан Ақын сынды журналистердің жастар басылымынан қанаттанғанын редакция ұжымы әрдайым мақтанышпен айтады. Бүгінде басылымның шығармашылық ұжымы Гүлбану Мақажан, Әсел Бегман, Гүлдана Жұмадинова, Мөлдір Сабыржанқызы, Ерасыл Шәрібек, Айгүл Әлішерова жастар тақырыбын жан-жақты жазуға үлес қосып келеді.

САРАПТАМА

# ЖАЛАҚЫ ӨСТІ. ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?



**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында ең төменгі жалақыны 60 мың теңгеге көтеруді тапсырды. Азық-түлік қымбаттап, баға шарықтаған уақытта мұның аса қажет қадам екені сөзсіз.**

– 6,5 миллионнан астам қазақстандық – жалдамалы жұмысшылар. Олардың жалғыз кірісі – жалақылары. Соңғы 10 жылда еңбекақы қоры кәсіпорын иелерінің табысынан 60 пайызға артта қалғанын көруге болады. Осы орайда бизнесмендерді қол астындағы қызметкерлердің жалақысын көтеруге шақырамыз. Ал Үкімет мұндай іскер жандарға сатып алуларда жеңілдік қарастырып, мемлекеттік қолдауда басымдық беретін болады, – деді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев.

3 жыл бойы өзгеріссіз сақталған 42 500 теңгенің 60 мыңға өсуі, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға сеп болады. Енді ол ел экономикасына қандай елеулі өзгеріс әкелетіні жайында сарапшы мамандардан сұраған едік.

– Президентіміз Жолдауында ең төменгі жалақы мөлшерін 60 мың теңгеге көтеруді тапсырды. Бұл – жақсы жаңалық. Өткен жылы Төтенше жағдай жарияланғанда, азаматтарға ең төменгі жалақы мөлшері есебінен 42500 теңге берілген еді. Осы тұста экономистер Мемлекет Басшысына елдегі төменгі жалақыны 60 мың теңгеге көтеру қажетін айтқан болатын. Бірақ бұл ұсыныс 2020 жылғы есеппен айтылған болатын. Мысалы, биыл инфляция 7,1 пайыз болды. Осыны ескерсек, ең төменгі жалақы мөлшері 60 мыңнан жоғары болуға тиіс. Төтенше жағдай кезінде халыққа 42500 теңгеден берілген тұста Америкада әрбір азаматқа 1200 доллардан төленді. Осы жерде көпшілік Америкамен біздің елді салыстыру ақылға сыймайды деуі мүмкін. Бірақ бұл негізсіз. Себебі, Америкада жан басына шаққандағы ішкі өнім 65 мың долларды құрайды. Ал біздің елде бұл көрсеткіш 10 мың долларға жетпейді. Байқағаныңыздай, екі ел арасындағы айырмашылық алты есе жоғары. Сол 65 мың долларды 6-ға бөлсек, жеткілікті. Неге олай десеңіз, әрбір американдық азамат еңбек өнімділігіне қарай, жан басына шаққандағы ішкі өнім есебінен төлем алды. Осы есеппен салыстырар болсақ, біздің елдің азаматтары 200 доллар көлемінде көмек алуы тиіс еді. Алысқа бармай-ақ көршілес Ресейде де ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңге көлемінде. Жалпы әлемдік тәжірибеде ең төменгі жалақы мөлшерін бекітерде, елдегі орташа жалақының жартысына бөліп есептейді. Мысалы біздегі орташа жалақы 250 мың теңге болса, ал орташа меридиандық жалақы 150 мың теңге. Оның 50 пайызын алар болсақ, 75 мың теңге еліміздегі ең төменгі жалақы болуға тиіс. Бұл көрсеткіш биылға есептелген, ал келесі жылы бұл көрсеткіш тағы да өсуі керек. Ал халықтың табысын бірден арттыру оңай емес. Бұл бюджетке салмақ түсіретіні анық. Менің ойымша, мұндай қадамды бізге ертерек жасау керек еді. Өйткені бюджеттің тапшылығы онсыз да болған. Енді оны жою үшін мемлекет шығындарын оңтайландыру керек, – дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

Экономист Сапарбай Жұбаев бұл мәселені шешу үшін ауқатты тұрғындарға салықты 20 пайызға көтеру керегін айтты.

– Салықты Еуропа елдеріндегідей 30-35 пайызға көтеру керек деп айтпаймын. Мәселе дәулетті адамдарға, олигархтарға, депутаттарға байланысты. Мысалы, 2 млн теңгеден жоғары алатындарға 20 пайыз, ал 500 мың теңгеден 2 млн теңгеге дейін алатындарға 15 пайыз салықты өсіру керек. Сонда бюджетке салмақ түспейді, әрі басқа бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік болады, – деді сарапшы.

Президентіміз Жолдауында ең төменгі жалақы мөлшерін көтеру арқылы 1 миллионнан астам қазақстандыққа әсер ететінін мәлімдеген болатын. Негізінде жеке мекемелердің көпшілігі жұмысшыларға 42500 төлемейді. Салықты аз төлеу үшін жалақының қалған бөлігін қолма-қол табыстайтыны белгілі. Яғни көлеңкелі экономика елде қалыптасты. Осы процесті тежеу мақсатында Президентіміз 60 мың теңге жалақыны бекітті. Экономист мамандар болжағандай, егер де ең төменгі жалақы 75 мың теңге болатын болса, көлеңкелі экономиканы түбегейлі жоюға болады. Бұдан бөлек, Президентіміз Жолдауда 2025 жылға дейін 600 мың қызметкердің еңбекақысы 20 пайызға артатынын мәлімдеді.

– Бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары жалақы көтеруден тыс қалды. Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалар. 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады. Тұтастай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді», – деді Президент.

Бірақ Жолдауда Мемлекет Басшысы еңбекақысы жоғарылайтын мамандықтардың толық тізімін жария етпеді. Салдарынан, енді қазақстандықтар өздерінің «600 мың отандас» қатарына кірген-кірмегенін білмей, дал болуда. Мысалы, қазіргі кезде мектеп автобустарының жүргізушілері ең төменгі жалақы деңгейінде ғана мардымсыз еңбекақы алады. Олар осы қатарға кірген бе, оны уақыт көрсетеді.

ОҚЫ, ҚЫЗЫҚ!

# АҚША ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН?



**ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР**

- Пластиктен жасалған ақшаларды австралиялықтар қолданады.
- Ең ауыр тиын Қытайды құйылған, оның салмағы – 5 килограмм.
- Канадада ерекше тиындар дайындалған. Оның бетіне динозавр бейнеленген, ерекшелігі, қараңғы жерде бетінен диназаврдың қаңқасын көруге болатын. Бірақ өкінішке қарай, ол тиындар айналымға шықпады.
- АҚШ елінде доллардың ең көп қолданылатыны 1 және 20 долларлық купюралары. Ал әлемде 100 доллардың купюросы танымал екен.
- Ақшаның қағаздан жасалған нұсқасы 812 жылы Қытайда пайда болған.
- “$” – бұл белгіні 1778 жылы америкалық бизнесмен Оливер Паллок ойлап тапқан.

**Бүгінде өмірімізді ақшасыз елестете алмаймыз. Өйткені ақша тауарларды төлеудің басты құралы. Негізінде ақша – адамзаттың ең ұлы өнертабысы. Ал осы ақшаның қалай пайда болғанын білесіз бе?**

Бұрынғы заманда адамзат ақшасыз өмір сүрген. Ол кезде ақшаға қажеттілік болмаған. Яғни адамдар егіншілікпен күн көріп, өмір сүру үшін қажетті барлық нәрсе болған. Қоғамның дамуына байланысты қажетті заттардың бәрін жасау қиынға соғып, адамдар материалдық құндылықтарымен алмаса бастады. Сөйтіп айырбас құралы – ақша пайда болды. Ақша ретінде тастар, зығыр маталар, күріштің дәндері және алтын пайдаланылды. Уақыт өте келе заттың құнын затпен төлеу нарықтан ығыса бастады. Оның орнына күміс пен алтын б.з.д. 3-4 мың жылы Мысырда ақша ретінде қолданыла бастады. Ал XII ғасырда төлемдер үшін алтын сақиналар пайдаланылды.

Қанша ғасыр өтесе де қолданыстан әлі шықпаған «монета» сөзін римдіктер ойлап тапты. Олар ақшаны басып шығаратын шеберхана ретінде Джуно Монетаның ғибадатханасын пайдаланды. Кейінірек ақша басып шығаратын барлық жер «монета» деген атқа ие болды. Ағылшын нұсқасында бұл сөз «mint», ал французша – «mone» деп айтылады. Бұл сөзден «money» деген сөз шықты. Монеталарды алғаш рет б.з. VIII-VII ғасырында Грекияда қолданды. Заман ағымына қарай монеталардан бөлек, нарыққа бағалы қағаздар қажет болды. Осы тұста Қытай елі алғаш рет VIII ғасырда бағалы қағаздарды шығара бастады. Бұл туралы Еуропаға 1286 жылы Қытайдан келген саяхатшы Марко Поло хабарлады. Алайда қағаз ақша Еуропада тек XV ғасырда ғана қолданыла бастады. Бірақ алтын да өз құндылығын жойған емес. Соның әсерінен қағаз банкноталарға Франция, Англия, Америка Құрама Штаттары сынды алпауыт мемлекеттер тек XVII-XIX ғасырлар аралығында көшті. Дегенмен XX ғасырдағы ғылыми-техникалық революция, ақшаның эволюциясына ықпал етті. XIX ғасырдағы телеграфтың ойлап табылуы, электронды ақшаның дүниеге келуіне себепкер болды. Ол ақша айналымының дамуына серпіліс әкелді. XX ғасырдың басында банк аударымдарының 80 пайызы телеграф арқылы жасалды.

Уақыт өте пластикалық карталар жасалып, қағаз ақша біртіндеп айналымнан шығарыла бастады. Пластикалық карталардың артықшылықтары көп. Ең бастысы, қағаз ақшаға қарағанда, оны қалтада ұстау әлдеқайда ыңғайлы. Компьютер мен интернеттің өнертабысы, электрондық ақшаның басқа түрі – Интернет-ақшаның өмірге келуіне септігін тигізді. XX ғасырдың 90-шы жылдарының соңында, интернет-пайдаланушыларға үйден шықпай төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі жасалды. Сарапшылардың пікірінше, алдағы онжылдықта мемлекеттер бірыңғай әлемдік валютаға көшіп, халықаралық сауда процестері жеңілдейді. Сондай-ақ болашақта пластикалық карталарға да қажеттілік болмайтын сияқты, төлемдер адамның саусақ іздері немесе көздің бейнесі арқылы жүзеге асады деген тұжырым бар.

# АҚША ШЕТЕЛГЕ КЕТІП ЖАТЫР

**Ranking.kz-тің мәліметінше, қазақстандықтар (жеке тұлғалар) қаңтар-шілде айларында ақша аудару жүйелері арқылы шетелге 544 млрд теңге аударған. Бұл өткен жылға қарағанда 42,9 пайызға өскен. Ал Қазақстанға 161,7 млрд теңге аударылған. Былтырғы қаңтар-шілдемен салыстырсақ, 5,5 процент қана көбейген. Яғни кеткен ақша келген ақшадан 3,5 есе артық.**

Ақшаның көбі Өзбекстанға (151,3 млрд теңге), Түркияға (108,6 млрд теңге), Ресейге (108,3 млрд теңге) және Қырғызстанға (87,7 млрд теңге) жіберілген. Қытай (18,8 млрд теңге) мен Грузияға да (11,7 млрд теңге) аз кетпеген.

Шетелден Қазақстанға аударылған ақшаның басым бөлігі Ресейге тиесілі, 34 млрд теңге. Содан кейінгі орында 25,8 млрд теңгемен Өзбекстан, 24,4 млрд теңгемен Оңтүстік Корея тұр. Қырғызстанға 18,8 млрд теңге, АҚШ-қа 18,1 млрд теңге, Германияға 10,6 млрд теңге аударылған. Ал Түркиядан небәрі 6,6 млрд теңге жетіпті. Сонда Анадолы еліне кеткен ақша келген ақшадан 16 есе артық деген сөз.

ҚАРЖЫ АҚПАРАТ

# БҰҰ БОЛЖАМЫ: ӘРБІР ЖЕТІНШІ АДАМ ҚАЛАДА ТҰРАДЫ



**Energyprom.kz зерттеуі осы мәліметпен қатар, елдегі құрылыс қарқынын зерттеп, урбанизация деңгейін сараптап көрген. Қазақстанда урбанизация процесі қарқын алып келеді. Еске сала кетейік, БҰҰ-ға мүше мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан 2015 жылы орнықты даму саласындағы мақсаттарға (ОДМ) қол жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдаған болатын. ОДМ – бұл кедейлікті жоюға, планетаны қорғауға және қай жерде болсын, әр адамның өмірі мен болашағын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер.**

«Қазақстанға келер болсақ, мұнда жағдай айтарлықтай оң сипатқа ие. Бұл міндетке табысты құрылыс қарқыны мен халықтың өсу қарқынының арақатынасы, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші айқындайды. Құрылыс қарқыны Қазақстандағы халықтың өсу қарқынынан бірнеше есе жоғары. Мәселен, осы жылдың жеті айының қорытындысы бойынша елде 7,7 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – бір жыл бұрынғыға қарағанда 10,3 пайызға артық. Бұл ретте жалпы көлемнің төрттен үш бөлігі қалаларда тапсырылды: 5,7 млн шаршы метр. Биыл барлығы 17 млн шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Яғни жаңа рекордтық көрсеткіш байқалады. 2020 жылы елде 15,3 млн шаршы метр тұрғын үй тапсырылған еді», – делінген зерттеуде.

Қазақстандағы халық санының өсімі жыл сайын шамамен 1,3 пайыз. Осы жылдың 1 шілдесі бойынша Қазақстанда 19 млн адам тұрған. Қала халқының өсімі 2 пайызға өсіп, 11,3 млн адамды құрады.

«Қазақстанда тұрғын үй құрылысы көлемінің дәл осылай өсу қарқыны мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолжетімді ипотекалық несиелеумен қамтамасыз етілген. Өткен онжылдықтың басынан кейін 2015-2016 жылдары «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық мемлекеттік бағдарламасын іске қосу тұрғын үй секторының дамуына қуатты серпін берді», – дейді зерттеушілер.

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменттің болжамы бойынша, 2050 жылға қарай Қазақстанда урбанизация деңгейі 69,1 пайызға жетеді. Яғни елдің 10 тұрғынының 7-еуі қалада тұрады.

# МҰНАЙ ӨНДІРІСІ АРТАДЫ



**ОПЕК ұйымы мұнай өндіруді тәулігіне 400 мың баррельге көбету туралы келісімді жалғастырады. Жуырда бейнеконференция форматында өткен отырыста қара алтын экспорттаушы елдердің министрлері осындай келісім жасады. Олардың айтуынша, кей елдерде карантиндік шектеулер күшейгенімен, нарықта экономикалық өсім бар. Мұнай импорттаушы елдерде сұраныс артып, қара алтын қоры азайып жатыр. Өндірісті біртіндеп көбейту бағаны төмендетпейді деп шешті. Отырыс алдындағы аптада қара алтын өткен жылдың қазанынан бері алғаш рет 9-9,5 пайыз қымбаттаған.**

31 тамыз күні Брент маркасы 73 доллардан асқан еді. Сарапшылардың айтуынша, мұнай өндірісінің артуына АҚШ мүдделі болып отыр. Өйткені құрама штаттарда бензин қымбаттап, халықтың наразылығын тудыруда. Ал Ақ үй әкімшілігі өндірісті көбейту арқылы мұнайды арзандатуға ниетті.

# ЕҢБЕК ЕРКІНДІГІ: ҚАЗАҚСТАН 5-ОРЫНДА



**Finprom.kz зерттеуіне сүйенсек, Еңбек еркіндігі рейтингінде Қазақстан 182 мемлекеттің ішінде 5-орында. Аталмыш рейтингте алғашқы орындарға Сингапур, Бруней-Даруссалам мен АҚШ жайғасқан. Соңғы орында – Солтүстік Корея. «ТМД елдерінің ішінде Қырғыз республикасы 13, Беларусь 23, Армения 25, Әзербайжан 59, Өзбекстан 83, Ресей 114, Украина 146, Тәжікстан 153, Молдова 17, Түрікменстан 181 орыннан көрінген.**

«2021 жылдың екінші жартысында елде жұмыспен қамтылған азаматтардың саны – 8,8 млн адам. Бұл – бір жыл бұрынғы көрсеткіштен қарағанда 1,2 пайызға көп» делінген зерттеуде. Аймақтарды бөліп қарағанда жұмыспен қамтылғандардың басым көпшілігі Алматыда: 981,4 мың адам. Үздік өңірлердің үштігіне енетін Алматы облысында 973,8 мың адам, Түркістанда 777 мың адам енген. Жұмыспен аз қамтылғандардың ең азы Солтүстік Қазақстан облысында тіркелген.

Бетті дайындаған: Айгүл ӘЛІШЕРОВА

# ӘКІМДЕР ЖҰМЫСЫ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУМЕН БАҒАЛАНСА...



**Облыс жастарын толғандыратын мәселелер бірінші кезекте «жұмыссыздық, жұмысқа орналасудағы қиындықтар», сауалнамаға қатысқан жастардың 23,4 пайызы бұл пікірді құптаған. Бұл туралы Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Ақпараттық-талдау орталығы» мекемесі «Аймақ жастарының әлеуметтік көңіл-күйі мен құндылық бағдарын анықтау» мақсатында әлеуметтанулық сауалнама қорытындысында белгілі болды. Сауалнамаға арнайы есептелген іріктеме бойынша 1060 жас қатысқан. Сұрау нәтижесі өңір жастарының 94,8 пайызының соңғы уақыттағы көңіл-күйлері «жақсы, оптимистік» әрі «қалыпты, байсалды» екенін көрсетіпті. Екінші кезекте жастар үшін «тұрғын үй мәселесі» өзекті. Сауалнамаға қатысқандардың 17,7 пайызы осы нұсқаны белгілеген. Маңыздылығы бойынша мәселелердің алғашқы үштігіне 9,5 пайызы «өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндіктің болмауы» еніп отыр. Сондай-ақ облыс жастарының 9,1 пайызы «мемлекет тарапынан жастарға көңілдің аз бөлініп» жатқанын алға тартса, 8,1 пайызы «жастардың білім деңгейі төмендеген» мәселені айтқан. Айта кету керек, жоғарыда аталған 5 мәселе әлеуметтанулық зерттеудің нәтижесі бойынша жоғары пайыздық көрсеткіштерге ие болған.**

**Ақерке ӘБУОВА, «Ақпараттық-талдау орталығы» КММ, «Ақпаратты жинақтау және өңдеу» бөлімінің басшысы:**



Ақерке ӘБУОВА

*– Сауалнама қорытындысы бойынша аймақ жастарының 96,4 пайызы өмірлік мақсаты бар екенін көрсеткен. Бұл қуантарлық көрсеткіш. Әлеуметтанулық зерттеулер жастардың мәселесін анықтаудың бір жолы ғана және бұл көрсеткіш жергілікті биліктің жұмысына көмекші құрал бола алады. Жалпы жастар арасындағы мәселелер уақыт өткен сайын, қоғам дамуына қарай кезең-кезеңімен шешіліп келе жатыр. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы шаралар жалғасын табатынына сенімдімін. Жақында Президентіміздің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында жастардың мәселесіне, оның ішінде сапалы білім беру, ғылымды дамыту, спортқа баулуға аса мән берілді. Осы ретте, аталған Жолдауды іске асыру бойынша Үкіметпен бекітілетін жұмыс жоспарында аймақ жастары арасындағы мәселелерді шешуге бағытталған кешенді іс-шаралар қамтылады деп сенемін.*

Аймақта жастар саясаты мәселелері басқармасы қысқарды. Облыстық жастар ресурстық орталығы мен аудандық орталықтары жұмыс істеп тұр. Бұл орталықтардың жобалары қаржысыз, кәсіпкерлердің демеушілігімен жүзеге асатыны белгілі. Бұдан мәселе шешімін таба ма?

**Гүлназ АЙДАРБЕКОВА, облыстық жастар ресурстық орталығы КММ-нің директорының орынбасары:**



Гүлназ АЙДАРБЕКОВА

*– Шет аймақтағы жастардың жұмыссыздық деңгейін анықтау мақсатында Қызылорда қаласына қарасты 7 ауылдық округке зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы тұста, орталықтың негізгі мақсаты – NEET санатындағы жастарды қоғамдық ортаға бейімдеу. Жүргізілген сауалнама бойынша әрбір жас зерттеліп, назарға алынды. Облыстық жастар ресурстық орталығының мамандары жастардың әлеуметтік санатын анықтау бойынша адрестік жұмыстарды жүргізеді. Орталық жанынан бос жұмыс орындарының ақпараттық базасын қалыптастыру мақсатында әлеуметтік желілердегі @Jastargajumys11 парақшасы арқылы 1000-ға жуық қызылордалық нақты ақпаратпен қамтамасыз етілді. «Жас еңбек құрылысшылар жасағы» аясында 90 жас, 29-ы аудан жастары тұрақты және маусымдық жұмыстарға орналасты. «Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі» 3 мәрте ұйымдастырылып, оған Атырау, Ақтау т.б. өңірлердегі жұмыс орындары ұсынылды. Нәтижесінде 150 жастың ауданнан 65 жас жұмысқа қабылданды. Ресейде білім алып келген 77 студентпен тұрақты байланыс орнатылған. Оларды жұмысқа орналастыру мәселесі зерделенуде. Есепті кезеңде 12 жас жұмысқа орналасты. Орталық ұйымдастыратын барлық жобалар жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алып, жұмыс табуына септігін тигізеді. Барлық жобалар қаржыландырылмайды. Десе де демеушілер көмегіне сүйенеміз.*

Қызылорда қаласындағы жұмыссыз жастардың басым бөлігі – қалаға қарасты ауылдардың жастары. Қала орталығында әртүрлі жалдамалы жұмыс істейді. Таңмен таласа келіп кеш қайтады. Тұрақты жұмыс табу қиын.

**Сабыржан КЕҢІШІЛІК, Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығының директоры:**



Сабыржан КЕҢШІЛІК

*– Жастар мәселелерін зерттеуде ауыл жастарынан жинақталған ұсыныстар мен пікірлер басты назарда болады. Ауыл жастары арасындағы басты мәселе – жұмыссыздық. Қажеттілікті анықтау мақсатында қайта даярлау курстарына арналған қала және ауыл жастары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 14-29 жас аралығындағы жастар қатысты. Жастар арасындағы сұранысқа «Мобилография», «Кондитер ісі» және «Ерлер шаштараз ісі» курстары ие болды. Нәтижесінде аталмыш курстар аясында базалық оқыту жүргізіліп, жұмыссыз жастар қайта даярлану мүмкіндігін алды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету және жастарды жаңа жұмыс орындарымен байланыстыру мақсатында «Jumys.bar» жобасы жүзеге асырылуда. Инстаграм желісінде @jumys.bar парақшасы ашылып, жаңа жұмыс орындары жарияланып отырады. Жастар парақшаны оқу арқылы өздері іздеген жұмыс та тауып, жұмыс берушімен байланысады.*

Жаңақорғандық жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін мәдени орындардың жұмысын жандандыру керек дейді аудан әкімінің баспасөз хатшысы. Жастар саясатында тәжірибесі бар Нұрбол Бакиров аудан жастарының мәселелерін жасырмады.

**Нұрбол БАКИРОВ, Жаңақорған ауданы әкімінің баспасөз хатшысы:**



Нұрбол БАКИРОВ

*– Жаңақорған ауданында ғана емес барлық ауданда NEET санатындағы жастардың саны белгісіз. Жақында облыстан мемлекеттік сатып алу бойынша осы санаттағы жастармен адресті түрде жұмыс жасау жөніндегі жобаны әлеуметтік желіде байқап қалдым, алайда оның барлығы жүйесіз. Өйткені қала орталығынан аудандарды екі, үш күнде аралап, оларды түгендеу, олармен жұмыс істеу мүмкін емес. Одан кейінгі мәселе, қазіргі уақытта мемлекет тарапынан жастар үшін және оларды кәсіпкерлікке баулу, жұмыссыздықты азайту мақсатында қайтарымсыз гранттар бөлінуде. Мен өзім осы кәсіпкерлікке берілетін гранттың комиссия мүшесімін, көп жастардың бизнес жобалары тиімсіз, өйткені тек жеңіл бизнес жоба жасап, қаржыны мақсатсыз жұмсағанды жөн көреді, өйткені қаншама рет жылыжай салу жобасын ұсынып едік, бірақ ол жобаны қабылдамай, екі сиыр алып, оны бордақылау, сүт өнімін өндіру жобаларына қарай кетіп қалған. Тағы бір айтарым, ауданда барлық 26 кент, ауылдық округтерінде арнайы жастар ісі жөніндегі мамандар жұмыс істеуде. Бұл облыс бойынша бір ғана аудандағы жағдай. Әрине облыстағы ең үлкен аудан болғандықтан жұмыс өте ауқымды. Ауыл жастарының бос уақыты дұрыс ұйымдастырылмайды. Өйткені барлық ауылда клуб үйлері бар, алайда жыл он екі айда мәдени іс шара өтпейді, ал клубта 4 штат бірлігі бар, жалақылары да өте жоғары, карантинді сылтау етіп шараның барлығын ысырып қойған. Тек екі, үш ауылдық клуб үйі ғана белсенді, қалған ауылдарда айына бір іс-шара да өтпейді. Содан болар ауылда жастар арасында қылмыс көбеймесе азаймай тұр. Жастар маскүнемдікке бейім, өйткені баратын жері жоқ.*

Сырдария ауданында он мыңнан астам жас бар. Олардың 91 пайызы ауыл жастары. «Ауданда жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызға азайды. Ол ауыл жастарының мемлекеттік бағдарламалар мен жұмыспен қамту шараларына белсенді қатысуына байланысты. Бүгінде ауылдарда қол қусырып отырған "масылдық" көзқарастағы жастарымыз жоқ. Өз-өздерін қамтып, кәсіп ашып, ауылдағы шаруашылықтарда жұмыс атқарып жүр» дейді сырдариялықтар.

**Ғани ОРАЛОВ, Сырдария аудандық жастар орталығының директоры:**



Ғани ОРАЛОВ

*– Пробация есебіндегі жастармен жұмысты күшейттік. Тіркеуде тұрған 11 жас – жастар орталығы ұйымдастырған шаралардың негізгі қатысушысы. Олардың әлеуметтік картасын жасап, бақылап отырмыз. Түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіліп келді. Оларды қоғамға бейімдеу мен психологиялық шаралар тұрақты ұйымдастырылады. "Мағжан және К" ЖШС, "Құмкөл" кен орындарына үшеуі жұмысқа орналасты. «Жастар жылында» Айдарлы, Ширкейлі, Ақжарма, А.Тоқмағанбетов, Шаған, Қоғалыкөл ауылдық округтерінде "Жастар бригадалары" құрылған болатын. Бүгінгі күнге дейін жастар бригадасына 81 жұмыссыз жас тұрақты жұмыспен қосылды. Елді-мекендерде «Коворкинг» орталықтары құрылған. Онда интернет желісі тартылып, интеллектуалдық ойын түрлері мен кітаптар қоры қойылды, ауыл жастары бос уақыттарын сонда өткізеді.*

Шиеліде 20 381 жас бар. Оның тең жартысы – ауыл жастары. Бұрын Ы.Жақаев ауылының жастары топтық төбелесте жиі айтылатын. Қазір ол ауылда да тыныштық орнаған. Жастар бірі оқуға, бірі жұмысқа кетіпті. Ауыл жастарында қандай мәселе бар деген сауалымызға жастар орталығының жетекшісі Ержан Әбдешов жауап берді.

**Ержан ӘБДЕШОВ, Шиелі аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:**



Ержан ӘБДЕШОВ

*– Шиелі ауданы әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңесте жасөспірімдер мен жастар арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында атқарылған жұмыстар қаралып, шешілу жолдары қарастырылып келеді. 2021 жылы жастар саясатын дамыту мақсатында 3 жоба дайындалды.*

*«Жастарға патриоттық тәрбие беру және жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау әлеуметтік қызметін ұйымдастыру», «Шиелі жастары арасында қазақша көңілді тапқырлар алаңы ойындарын дамыту және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау», «Жас отбасылар арасында неке құндылықтарын насихаттау бағытында шараларды ұйымдастыру». Жастардың бос уақытын тиімді өткізу және қылмысқа жол бермеу мақсатында Шиелі аудандық спорт клубында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар және пробация қызметінің есебіндегі азаматтар арасында қол күрестен және шағын футболдан жарыс жиі ұйымдастырылады.*

Жалағаш ауданында 14 пен 29 жас аралығында 7 970 жас тіркелген. Ала жаздай егін егіп, мал баққанымен, қыстай бос болатын жастар немен айналысады? Жұмыссыздар қатарын көбейтіп, топтық төбелес, қылмыс артып кетпей ме?

**Нұржан АМАНДЫҚ, Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:**



Нұржан АМАНДЫҚ

*– Ауданда жұмыссыздық мәселесі бар. Жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеуші ретінде хабарласқан 785 жас «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектерге арналған. Бұл ретте, жұмыс беруші қатысушыны кемінде жиырма төрт айға тұрақты жұмысқа орналастырады, халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыстың бірінші жылы үшін еңбекақыны субсидиялайды. Ауданымызда спорт саласының материалдық-техникалық базасын нығайту, жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында жерлесіміз Қайыржан Құлтекеновтың жеке қаражаты есебінен Жалағаш кенті, Дәуімбай елді мекенінде құны 350 млн теңгені құрайтын жабық бассейн кешені салынып, пайдалануға берілді. Кешенде 19 адам жұмыспен қамтамасыз етіліп, үйірмеде 100-ге жуық бала қамтылып, күніне 30 адамға дейін ақылы қызмет көрсетіледі.*

Қармақшы ауданында 12 121 жас бар. Оның ішінде 5 681-і – ауыл жастары. Қармақшылық жастардың бұзақылығы тыйылмай тұр. Аудандағы қылмыстың азаймауы осыдан. Бұл ауданда кешкілік серуендеп жүру, түнде көшеде қалу тіпті қауіпті. Бас көзіне қарамай ұрып-соғып, тіпті пышақтап кететін бұзақылар бар. Былтыр қонаққа барғанда сырттан барған бізді үйдің ауласына кіргенше көліктен түсірмей қорғаған. Ондағысы қаладан қонақтар келгенін ешкім көрмесін дегені екен. Қармақшыдағы жастар бұзақылығы тамырлап кеткен. «Кртутой жігіттердің» алды түрмеде отыр. Бұзақылығын дәстүрлі жалғап, ізбасарлары түнімен көшеде, төбелес пен талқылаулардың бел ортасында жүреді.

**Сырым ӘДІЛБЕКОВ, Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:**



Сырым ӘДІЛБЕКОВ

*– Қармақшының ауылдарында жұмыссыздық мәселесі әлі де бар. Бізде ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру ісі жүйеленуі керек. Ауданда, ауылдарда спорт залдардың аздығы да әсер етуде. Ең басты мәселе, аудан жастарының топтық төбелесіне тыйым болмай тұр. Себебі білегіндегі күшіне, бұзақы ісіне сеніп жүргендер көп. Түнгі мезгілде топтасып жүретін жастар да бар. Ішкі істер органдарымен бірлесіп түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Түнгі рейдке шығып, зерттейміз. Жастармен кездесулер, спорттық шаралар өтеді. Ауылдардағы бос жерлерден спорт залдарын ашу мақсатында ауыл әкімдерімен бірлесіп, жұмыс істеп жүрміз. Спорт залдары ашылса, жастар бұқаралық спортқа бет бұрса, бұзақылық азаяды деп сенеміз.*

Арал ауданында статистикалық мәліметке сәйкес 14 пен 29 жас аралығында 19 606 азамат бар. Олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін спорттық мәдени орындар көптеп керек дейді аралдықтар.

**Абай ӘБІЛБАЙ, Арал аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры:**



Абай ӘБІЛБАЙ

*– Қазіргі таңда, ауыл жастарын әлеуеттендіру өзекті мәселелердің бірі. Аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары ауыл жастарының әлеуетін арттыруға, мемлекеттік бағдарламалар мен қоғамдық қабылдауларға бағытталған жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеді. Ауыл жастары өз кезегінде өзіне қажетті түрлі мәселелерді көтеруде. Оның ішінде спорт алаңдары мен мәдени көпшілік орындар салу – жастардың өзекті мәселесі. Бұл бағыттағы жұмыстарды ынталандыру бағытында биыл Қаратерең, Аманөткел, Үкілісай елді мекендерінен және Сексеуіл кентінен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында спорттық алаңдар, шағын футбол алаңдарын салу жұмыстары жүргізілуде. Жастар сұранысына сәйкес кент орталығынан денешынықтыру және спорттық сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Жалпы ауыл жастары үшін жұмыссыздық мәселесі де өзекті. Бұл бағытта «Дипломмен ауылға», «Жастар практикасы» бағдарламасының ауыл жастарын тұрақты жұмыспен қамтуда септігі зор. Кәсіпкерлікке бет бұрып, іс бастап жатқан жастар көбейді. Ауыл жастарын өзін-өзі жұмыспен қамтуға әрі заман талабына сай икемдей түсуге бағытталған кәсіпкерлікке шақыру жұмыстары нәтижесін беруде.*

***P.S.** Біз ауыл жастарының мәселесін сұрадық. Жастар саясатының жүргізілуін сөз етіп отырған жоқпыз. Нақты қандай мәселе бар, ол қалай шешімін табуда? Сұрағымызға ешбір жастар орталығының басшысы тұшымды жауап бере алмады. Тіпті кейбірі жастар саясаты бойынша атқарылған жұмыстар кестесін бүтіндей жіберіпті. «Осының ішінен ізде, тапсаң ал» дегені шығар. Ал жастар арасындағы діни ахуал туралы неге ешкім айтпайды? «Ауруын жасырған өледі» деген. Жастар арасында маскүнемдік, нашақорлық, жат діни ағымның жетегінде кету, т.б. мәселелер бар. Облыстық дін істері басқармасының діни ахуалды талдау және мониторинг бөлімінің бас маманы Гүлсім Романқұлова "Жастардың интернеттен тыйым салынған жат діни ағымдар туралы ақпаратты оқуы, радикалды сайттардан мәлімет алуы жиілеп кетті. Қазіргі таңда жұмыстар осы бағытта жүргізілуде. Әлеуметтік желілерге жастарға қажетті дұрыс ақпараттар көптеп орналастырып жатырмыз" деді. Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысынан редакция поштасына күн сайын толассыз ақпарат келеді. Алайда жастар мәселесі туралы сауалымызға жауап келмеді. Бұл Қазалы ауданының әкімі жастар мәселесін соңғы орындарға ысырып қойған деген сөз бе? Жалпы жастардың мәселелеріне жүрдім бардым қарау бар. Жастар – қоғамның тірегі, ертеңгі – болашақ. Әкімдердің жұмысы жастар мәселесін қалай шешуіне қарай бағаланса, жақсы болар еді. Сонда бәлкім, жастар жұмысқа орналасып, баспаналы болып, қоғамға қажеттілігін сезінер.*

**Гүлбану МАҚАЖАН**

8 ҚЫРКҮЙЕК – ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ КҮНІ



# ЖАНЫН ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҚИҒАН ЖУРНАЛИСТ

**Бұрынғы С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындағы ұлттық) университеттің тарих факультетін тәмамдарда (1969 жылы) ғалым ұстазым профессор Әбу Сақтағанұлы Тәкеновтың жетекшілігімен диплом жұмысын жазып қорғадым. Тақырыбы: Қазақстанның шетелдермен интернационалдық байланысы (1917-1937 ж.ж.) болғандықтан, Юлиус Фучиктің өмірі мен шығармашылығын зерттеген болатынмын. «Ақмешіт жастары» газетінің 2 қыркүйек күнгі (№35(416)) санында журналистердің халықаралық ынтымақтастық күніне орай жазылған «Журналистер ақпарат үшін жанығады» деген мақалада осы Ю.Фучик жайында аз-кем мәлімет айтылған екен. Соны оқып, күрескер журналист жайында өзім білетін деректермен бөлісуді жөн көріп, осы мақаланы жазып отырмын.**

1903 жылы Прага қаласында өмірге келген ол 1943 жылы 8 қыркүйекте неміс басқыншыларының қолынан қырық жастағы қыршын кезінде қаза тапты. 1958 жылы мамыр айында Халықаралық журналистік ұйымдарының !У конгресінің (Бухарест) шешімімен неміс басқыншыларының қолынан түрмеде азапталып өлтірілген чех журналисі, антифашист Юлиус Фучиктің құрметіне 8 қыркүйек журналистердің Халықаралық ынтымақтастық күні болып белгіленді. Содан бері бұл дата әлем елдерінде атап өтіледі.

Ю.Фучик – қарапайым жұмысшы отбасында өмірге келіп, солардың жарқын болашағы үшін өмірінің соңына дейін күрескен қайраткер. Сол кездегі буржуазиялық Чехословакиядағы халыққа жасалынған әділетсіздікке қарсы күрес оны 1921 жылы Коммунистік партия қатарына әкелді. «Творба» журналының, «Руде право», «Руди вечерник», «Гало – Новини» газеттерінің редакторы бола жүріп, аталған баспаларды фашистік режимге, қоғамдағы саяси әлеуметтік әділетсіздікті әшкерелеуге ұтымды пайдаланды.

Ю.Фучик жаңа бағытқа бет алған Кеңес үкіметінің жанашыры болды. Екі рет (1930,1935 жж.) 20 айдан аса Кеңес Одағында болды. Алғаш рет Фрунзе қаласында 1925 жылы чехтар ұйымдастырған «Интергельпо» өндірістік кооперациясының бес жылдығына 1930 жылы Коммунистік «Руде право» газетінің тілшісі әрі жұмысшылар делегациясын басқарып келді. Орта Азия республикаларының тарихи, саяси, әлеуметтік даму қарқынымен танысып, Қазақстанда басталған тарихи өзгерістерге ерекше көңіл бөлді. «Иіссу флаконы» (Флаклон одекалона) атты очеркінде Ембі мұнай кеніштеріндегі құрылыс қарқынына қазақтармен бірге туғандай қуанышын білдірді. Ал «Қызылордалық комсомол қыз» (Комсомолка из Кызылорды) очеркінде қарапайым қазақ қызының білімге талпынысын үлкен шабытпен суреттейді. Қызылордалық қарындасымыз әкесінің қарсылығына қарамастан Ташкентке кетіп, сауатын ашып білім алады. Кейін екі жыл Москваның Шығыс халықтары институтында оқиды. Москваның бүркіген жауыны мен қара түтіні білімге шөліркеген дала қызының денсаулығын нашарлатып, елге қайтуға мәжбүр болады. Ақтөбеде жаңадан ашылған совхозға (кеңшарға) өз қалауымен келіп, қызмет жасайды. Кейін туған жері Аралға келіп мәдени-ағарту жұмыстарының ұйытқысы болады. Ю.Фучиктің аталмыш очеркінде Арал теңізінің, Арал қаласының сол кездегі табиғи көріністері тамаша суреттелген.

Ю.Фучик шығармашылығына ерекше әсер еткені оның Түркісібте болған кезі. Бұл жайлы күнделігінде: «Құ мекен шөлді, құмды даланы, тауды жарып өтетін 1442 шақырымға созылған Сібір мен Семейді жалғастырған бұл темір жол әлемдік магистраль!. Осыларды біз бірінші рет көріп тұрмыз. Қуанышымызда шек жоқ» деп жазыпты.

«Правда Востока» (30 июнь, 1930 жыл) газетіне берген сұхбатында Орта Азия республикаларындағы тарихи өзгерістерге әсіресе Қазақстандағы индустриаландыру қарқынына ерекше көңіл бөліп, риясыз достық сезімін білдірген. «Руде право» газетінде жарық көрген (25 август 1935 ж.) «Чехтар Балқашқа келе жатыр» (Чехи едут на Балхаш) атты очеркінде қазақ даласында бой көтеретін мыс өндіретін үлкен зауытты салатын «Прибалхашстройға» көмекке чек мамандарының келгенінен хабардар етеді.

Иә, Юлиус Фучик – ұлтына қарамай халыққа жасалынатын игі істердің жанашыры, тек рухани емес, тән қиындықтарын да көрген, оларды көтере білген, дегенінен қайтпайтын қайсар тұлға. Қазақстанда, басқа Орта Азия республикаларында болып, алған әсерлерін, репортаждарын «Сүйікті елде» (В стране любимой), «Біздің ертеңіміз бүгін болған елде» (В стране, где наша завтра стало вчерашним днем) атты кітаптарына топтастырылған.

Антифашистік күрескерлігінен қайтпаған қайсар Фучиктің әлемге атын паш еткен, көптеген ұлттар тіліне аударылған «Дар тұзағындағы репортаж» (Репортаж с петлей на шее) атты еңбегі. Аталмыш шығарманың бізге жетуіне себеп болған – оның жұбайы Густа Фучикова. 1945 жылдың мамыр айындағы гитлерлік Германияның жеңілісінен кейін, Густа түрмеден шығысымен жұбайы жайлы мәліметтер іздестіре бастайды. Нәтижесінде Ю.Фучиктің 25 августе 1943 жылы өлім жазасына кесіліп, екі аптадан кейін 8 қыркүйекте үкімнің Берлинде орындалғанын біледі. Гестапоның Панкраце түрмесінде отырып, күнделік ретінде жазған еңбегінің мүмкін болуына түрме надзерателі А.Колинский көмектесіпті. Әр жерге тығылған, әр кімнің қолындағы парақтарды жинастырып, реттеп Ю.Фучиктің соңғы кітабін 1945 жылы қыркүйек айында оқырмандарына ұсынады. Сөйтіп өзі мәңгілікке сүйіп өткен күйеуінің алдындағы адал махаббатын, оның саяси көзқарасының белсенді қолдаушысы болғанын дәлелдейді.

Күнделік ретінде жазылып, тек өзі емес түрмеде отырған фашизмге қарсы азаматтардың басынан өткен қиыншылықтарын, түрме қызметкерлерінің айуандық әрекеттерін бұлтартас фактілермен әшкерелейді. Әйелі Густаға жазған соңғы хаттарының бірінде: «Ешқашан ұмытпа, саған осы хатты жеткізетін адам маған өмір сыйлады. Менің одан алып отырған қағаз бен қаламым өзіңе деген алғашқы махаббатымдай толғандырады» деп жазыпты. Атын айтпаса да түрме надзерателі А.Колинскиді мегзеп отырғаны түсінікті. Аталмыш еңбекті тебіреніп, түрме қызметкерлерінің айуандық әрекеттеріне тісіңді қайрап отырып оқитынына кәміл сенемін. Құрметті оқырмандар, Ю.Фучиктің соңғы еңбегін оқып шығуды ұмытпассыздар. (орысша нұсқасы. Ю.Фучик. Избранное.Кн.1-М: Политиздат,1983. 305-409 беттер).

Студент кезімізде Ю.Фучиктің жерлесі, чех, одан бұрын Қырғызстанға келген, кейін Алматыда тұрған Р.Маречекпен кездесу жасадық. Ол бізге досының Орта Азия халқына жасаған ерен еңбектерін тізбектеп айтып, Қырғызстанда оның есіміне көшелер мен гүлзар бақтар берілгенін, Қырғыз жастарының ұсынысы мен Теріске-Алатоо жотасынан 4010 метр биіктіктегі шыңға Юлиус Фучик есімі беріліп, «Люди, я любил Вас! Будьте бдительны» деген сөзімен вымпел қойылғанын айтты. Бұл Ю.Фучиктің соңғы еңбегінің соңғы сөзі болатын. Қырғыз жастары жыл сайын оның қайтыс болған күнін еске алу үшін осы шыңның басына альпинистік экспедиция жасайтынын айтты. Студенттерге 1958 жылы Гусина Фучикованың Пржевальскіге келгенін жеткізді. Бұларды айтып отырғаным, қаны бөлек болса да, жан жүрегі қазақтармен бір болған чех бауырымыз Юлиус Фучикті мәңгі есте қалдыру үшін біз не жасадық? Жастарымыз бен журналистеріміз осы ұсынысымызға не айтар екен деген сауалмен ойымды аяқтаймын.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
**профессор**

# МЕМЛЕКЕТ ҚАРАПАЙЫМ МЕКТЕПТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауда бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашатынын айтты. «Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет» деді Мемлекет Басшысы. Бұл жоба кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттамақ. Кәсіпкерлердің жаңа буынын қалыптастыруға басымдық берілмек. «Кәсіпкерлік негіздері» пәні мектептен оқытылатын болды. Сондай-ақ Президент өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне баса назар аудару қажет екенін айтты. Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға айрықша көңіл бөлінетін болады. Бұл бағытта әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелері ашылмақ.

Мұнан бөлек Мемлекет Басшысы «Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн деп ой тастады. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қолөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерін оқыту қажеттігін айтты.

Жүсіпбек Аймауытов «Оқу, білім – жанған шырақ, ойласаң, Үйренерсің, іздеп көрсең, қалмасаң, Қу өнерді, бу беліңді, жігер сал, Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң» деп жас буынға өсиет қалдырған. Қай заманда болсын өз құндылығын дәлелдеген білім кемесінде оқушыларымыздың жолы болсын. Зейіні ашылсын!

«Демократияның басты жауы – білімсіздік пен популизм» деген Президент ел дамуы жолында барша азаматтарды табысты, бірлікпен, жауапкершілікпен еңбек етуге шақырды. Жолдауда Президент жастардың бойынан көргісі келетін бес қасиетке тоқталды. «Біріншіден, XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет. Үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс. Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек. Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты. Әділеттілік – әсіресе ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Президенттің бұл сөздері жаңа оқу жылын бастаған сәтте бізге соны серпін берді. Ел болашағы балаларды тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатуда жемісті еңбек етуіміз керек.

**Қарлығаш ӘБДІРАХМАНОВА,**
**С.Лапин атындағы №261 орта мектептің директоры,**
**Қызылорда қаласы**

# КӘСІБИ ДАМУҒА ҚАДАМ



Мектепішілік актив мүшелері жұмысының қазіргі уақытта жаңаша бағыты қандай болуы керек? Мектепте кәсіби даму орта қалыптастыруда мектеп тренерінің рөлі қандай? Осы сұрақтар төңірегінде әңгіме қозғасақ. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби өсуіне ықпал ететін курстарды өткізу кешегі күн мәселесі деп айтуға болады. Мысалы, «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасымен өткізілген оқу жұмыстары 2017 жылдан басталды және ол қазіргі уақытта өз мәресіне жетті. Енді аралас форматтағы оқу нәтижелілігін арттыру мақсатында курстан кейінгі қолдау жұмыстарын жаңдандыру қажеттілігі туындауда. Жаңа оқу жылында жұмыстың қандай бағыттарына баса назар аударған жөн, оны кімдер жүзеге асырады?

Мектеп мұғалімдері кәсіби дамытуға қажетті ішкі ресурстар көздері деп тәлімгерлерді, мектеп тренерлерін, коучтерды, ал кәсіби оқытудың сыртқы көздері деп эксперттерді, кәсіби шараларды, оқу орталықтарын айтады. Соған қоса мектептің ішкі ресурсы болып «Тәжірибедегі рефлексия» оқыту бағдарламасы, «Мұғалім тәжірибесін зерттеу» бағдарламасы бойынша курстан өткен тренерлер, критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушілері, «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» курсынан өткен педагогтар, PISA курсынан өткен педагогтар саналады. Осындай үлкен «армиясы» бар мектептің дамуында қандай өзгерістер болада? Сәуір-мамыр айында жүргізілген зерттеуде көптеген мәселе анықталды. Сауалнамада «Мұғалімдердің қиындықтарын қалай анықтайсыздар? Қандай әдіс-тәсілдерді, құралдарды пайдаландыңыздар?» деген сұрақтар болды. Мектеп тренерлерінің пайымдауынша, мұғалімдердің жұмысында қиындық көп, атап айтқанда, олар жұмысты жоспарлау,сабақты модельдеу, сабақты ұйымдастыру және жоспарды іске асыру, оқытуды дифференциациялау және даралануы, өз тәжірибесінде озық педагогикалық тәжірибені қолдануда мәселелер кездеседі.

**Гүлнәр ЖАҚСЫЛЫҚОВА**

# БУРАБАЙҒА САЯХАТ

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай
тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен
Көкшетауды
Көрмесең, көкіректен шер
кетпейді, –

деп, Мағжан Жұмабаев атамыз Қазақстанның әсем жерлерінің бірі Бурабайды жырлаған. Бурабай – Қазақстанда ғана емес ТМД елдеріне танымал мекен. Қазақстанның біріненбірі әдемілігімен асып түсер кең жерлері баршылық. Әрқайсысы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Бурабайға саяхаттаған туристердің айтуынша, ондағы сұлулықты айтып жеткізу мүмкін емес. Ең бірінші, биік таулары көзге түседі десті. Түрлі әдеби шығармаларға арқау болған бұл мекен кімді болсын қызықтырары сөзсіз. Ауасы дертке шипа деп бекер айтпаған. Тыныс алу жолдарын реттеуге таптырмас жер. Емделушілерге арналған арнайы күнтізбе қойылған.Таңғы таза ауада серуендеп, жаттығуды міндетті түрде жасайды.Спортпен шұғылданып болған соң, керекті процедураларды қабылдайды. Шипажайда емделушілердің айтуынша, барлығы керемет, бір келген адам қайта-қайта келгісі келеді. Тағы бір ерекшелігі, диеталық тағамдармен тамақтандыру. Алғашқы күндері қиынға соққанымен,денсаулыққа пайдалы. Әрбір ем алушыға арнайы тағамдар ұсынылады. Бурабай көлі – Көкшетауда орналасқан дөңгелек пішінді көл. Бурабайдың суы – мөпмөлдір,таза. Аңызға айналған, ел



аузындағы “Жұмбақтас” жайлы қалайша ұмытпақпыз? Тарихта түрлі ойландыратын аңыздарымыз бар емес пе? Халқымызда ауыздан-ауызға тараған осы жер туралы әртүрлі аңыздар бар. Жұмбақтастың бейнесі сұлу қыздың көрінісіне немесе кемпірдің түріне ұқсас әсер қалдырады. Аңызға сүйенер болсақ, қалмақтың сұлу қызының құлаған орны тап осы жер екен. Тығырыққа тірелген қалмақ қызының өмірімен байланысты болса керек. Қыз биіктен суға құлағаннан кейін, белгісіз “Жұмбақтас” шығады. Осы себептен бұл жер “Жұмбақтас” аталды.

Бурабайдағы орман іші жайлы ауыз толтырып айтуға болады. Нағыз үлкен де мықты қайыңдар орналасқан. Мақтанышпен айтар жерлері көп. Сондықтан болар, демалушылар саны өте көп. “Бурабайдағы демалыс неге қымбат?” атты әлеуметтік желідегі сауалнамада демалушылардың кейбірі біздің демалыс үшін баға тиімді десе, енді кейбірінің көңілі тола қоймаған еді. Енді бірі Бурабай демалыс орындар ішіндегі қымбат жер деп жауап қайтарды.

**Айя ЖҰМАНАЗАРҚЫЗЫ**



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КИБЕРСПОРТТЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

**Қазақстанда киберспорт дамуы екі мыңыншы жылдарда басталды және аталған индустрия «андеграунд» саласында ғана, яғни ойыншылардың, ынтагер-инвесторлардың және шағын компьютерлік клубтардың қаражаты есебінен ғана әрекет етті. Қазақстандық киберспорттың негізін жергілікті кәсіпкер Мұрат «Arbalet» Жұмашұлы қалады.**

Ол әлі толық қалыптаспаған саланың келешегінен үміттеніп, «K23» деп аталатын ұйым құрды. Кәсіпкер халықаралық брендке айналған Natus Vincere брендінің дамуына да өз үлесін қосты. Дәл сол жылдары киберспорттың әлемінде Дәурен «Adren» Қыстаубаев, Рүстем «mou» Телепов және Евгений «dreaM» Богатырев сияқты қазақстандықтар пайда болды.

2002 жылы StarCraft: Brood War әлем чемпионатында Қазақстанның құрама командасы екінші орын алып, отандастарымыз халықаралық аренада алғашқы табысына қол жеткізді. Бір жылдан кейін өткен әлем чемпионатында күміс жүлде ұтып алды. 2005 жылы қазақстандықтар жаңа ғана қалыптасқан киберспорт әлемін тағы да таңғалдырды. Жас «K23» ұжымы сенсация жасап, Сингапурде өткен Counter-Strike: Source әлем чемпионатының финалына шықты. 2009 жылы Қазақстанның «OS|oNe» командасы Шығыс Еуропада өткен DTS-Cup-2009 аса ірі жарысының Dota 2 дисциплинасында жеңіске жетті.

Қазақстандықтардың eSports саласындағы ең жоғары жетістігі 2017 жылы өткен «На мажоре» жарысында (ескертпе: Counter-Strike: Global Offensive әлем чемпионаты) болды. Бұл жарыста Абай «Hobbit» Хасенов, Рүстем «mou» Телепов және Дәурен «Adren» Қыстаубаев есімді жігіттер Gambit Esports ресейлік ұйымының құрамында әлемнің үздік командаларын жеңіп шықты. Сол кезде Gambit командасы Қазақстан үшін рекордтық жүлдені, яғни жарты миллион АҚШ долларын ұтып алды. Осыдан кейін Қазақстан киберспорттың әлемдік картасында өз туын түбегейлі тікті. Біздің ойыншыларымыз туралы әлемдік БАҚ жаза бастады, бірақ бұдан да маңызды жайт, ел ішінде киберспортқа деген қызығушылықтың артуына серпін берді. Бүгінгі таңда қазақстандық киберспортшылар сапа белгісі болып есептеледі және олар бүкіл әлем бойынша, әртүрлі құрамда, әртүрлі дисциплинада ойнап жүріп, әртүрлі рейтингте жиі көрінеді. Мысалы, Konina Power ұжымы PUBG: Mobile бойынша әлемдегі ең мықты командалардың бірі саналады. Биылғы жылдың қаңтар айында Қазақстаннан келген ұжым PUBG Mobile бойынша әлем чемпионатында Топ-6 командалардың қатарына кірді. Мысалы, Даниял «XsVamp1re» Әлібаев Dota 2 бойынша әлемдік ойыншылардың Топ-100-дігінің қатарына кіреді.

Алайда қазақстандықтардың шетелдердегі жетістіктері ел ішіндегі киберспорт Дания немесе Швеция елдеріндегідей деңгейде дамыған дегенді білдірмейді. Жергілікті киберспорттың дамуындағы елеулі оқиға деп, біріншіден, Қазақстан Киберспорт федерациясының (QCF) құрылып, қалыптасуын айтуға болады, ол осы индустриядағы көшбасшы елдердің тәжірибесіне сәйкес әуесқой деңгейден кәсіпқой деңгейге дейінгі турнирлерді өткізу үшін жауап беретін оператор болып есептелді. Федерация 2017 жылы құрылды, ал келесі жылдың жазында, жаңа ұйымның тиімді жұмысының, сондай-ақ қазақстандықтардың әлемдік аренадағы жетістіктерінің нәтижесінде Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2018 жылғы 25 маусымдағы бұйрығымен киберспорт ресми түрде мойындалып, спорт түрлерінің тізіміне енгізілді.

«Жаңа әрі технологиялық бағыттың дамуына эксперимент ретінде қарауға болмайды, себебі киберспорт айтарлықтай күрделі спорт түрі саналады және оны кейде тіпті классикалық спорт түрлерінен де күрделі деуге болады. Сондықтан Федерацияны қалыптастырмас бұрын біз әлемдік киберспорт нарығына, сондай-ақ жекелеген елдердің АҚШ-тан бастап, Еуропаның дамыған елдерінің, Қытай мен Кореяның киберспорт нарығына талдау жүргіздік. Біз инфрақұрылымды нөлден бастап құру тәжірибесін, жарыс нормалары мен талаптарын қалыптастыру үдерісін зерделедік, кәсіптік киберспортшыларды тарттық. Небәрі үш жыл ішінде біз 15-тен артық кибердисциплина бойынша ішкі жарыстар желісін құрастырдық. Егер турнирлік инфрақұрылымды құрастыруға кірісген 2019 жылдың тоғыз айы ішінде елімізде небәрі 38 жарыс өткізілсе, өткен жылы қазақстандықтар 268 турнирге онлайн қатысуға мүмкіндік алды. Биыл жеті айы ішінде елімізде киберспорттан 129 турнир өтті, соның ішінде алғашқы Ұлттық кубогымыз да бар», дейді Қазақстан Киберспорт федерациясының президенті Қуанышбек Есекеев.

Pinger.Pro ұлттық платформасының деректеріне сәйкес бүгінгі таңда әртүрлі деңгейдегі киберспортшыларымыздың жалпы саны 142 мың адамды құрайды. Платформаға осынша адам тіркелген, сондай-ақ турнирлерге қатысқан. «Біздің платформамыздағы жаңа пайдаланушылардың саны жыл сайын ондаған мың адамға ұлғаюда. Мысалы, 2020 жылғы өсім 96,9 мың адамды құрады, ал жүлде қорының жалпы көлемі шамамен 126 млн теңгеге жетті», дейді Pro бас директоры Бауыржан Садиев.

Киберспорт саласының дамуын кідіртетін факторлардың қатарына әлеуметтік факторды жатқызуға болады, себебі халықтың консервативтік бөлігінің пікірінше, киберспорт бұрынғысынша гейминг болып қалуда, ал киберспортшы спортшы емес, ойынқұмар деп есептеледі. Алайда шын мәнісінде жағдай мүлдем басқаша. Киберспорт федерациясы да осы бағытта жұмыстар жүргізуде және аталған спорт түрінің құндылықтарын дәріптеу қажет деп есептейді. Мысалы, биыл көктемде Қазақстанда республикалық деңгейдегі 1xbet Qazaqstan Respublikasynyŋ Kubogi киберспорттық турнирі өтті, жүлде қоры 1,5 млн теңгені құрады. Бұл тұрғыда жүлде қоры маңызды емес, себебі ол үнемі ұлғая түседі (мысалы, жазғы кубоктың жүлде қоры 3,5 млн теңгені құрады). Маңыздысы – турнирдегі жеңісі үшін қазақстандық киберспортшылар ресми спорттық разрядтармен – спорт шеберлігінен үміткер және спорт шебері разрядтарымен алғаш рет марапатталды.

«Мұндай спорт разряды – сіздің ұлыңыздың немесе қызыңыздың жай ғана ойын ойнап жүрмегенінің, шынымен де ұлтымыздың мақтанышына айналатынының ресми дәлелі. Бүгінгі таңда киберспорт – өскелең ұрпақ үшін нағыз әлеуметтік жеделсаты», дейді QCF атқарушы директоры Қазбек Жанғазиев.

Жұртшылықтың киберспортқа деген сенімін арттырудың тағы бір әдісі – киберспортшылар үшін турнирлер ұйымдастыру. Мысалы, биыл маусым айында Қазақстандағы мемлекеттік қызметкерлерге арналған арнайы QAZAQSTAN QYZMET CUP турнирі өтті. Онда FIFA 2021 дисциплинасы бойынша министрліктерден бастап, құқық қорғау органдарына дейінгі әртүрлі мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері жарысты. Бұл іс-шара киберспорттан айтарлықтай қашық адамдардың өзі өздерін осы спорт түрінде сынай алатынын, ең бастысы, жарыстық рухты тәрбиелейтінін көрсетті.

Алда Парижде өтетін Олимпия ойындарында киберспорт жаңа дисциплиналардың қатарына енуі мүмкін деген әңгіме бар және мұның жай ғана әңгіме болмауы әбден мүмкін...

# ҚҰРАМАДА ЖАҢА БАПКЕР

**Қазақстан Бокс федерациясы ұлттық құрамаға жаңа бапкерлер тағайындалды. Енді ерлер құрамасын Қайрат Сәтжанов жаттықтырады. Бұған дейін ұлттық құраманың бас бапкері болған Ғалым Кенжебаев өз еркімен отставкаға кетті.**

Қайрат Сәтжанов 31 жыл бойы бапкерлік қызмет атқарған. Ол алдымен бокстан Қазақстан жасөспірімдер құрамасын жаттықтырған. Соңғы екі жылда Қазақстан жастар құрамасының аға жаттықтырушысы болды.

Ал бокстан Қазақстан әйелдер құрамасына бас бапкер болып Шамил Сафиуллин келді. Алдыңғы бапкер Ерік Алғабек ұлттық құраманы 2019 жылдан бері жаттықтырған.

Шамил Сафиуллин Қазақстанда да, шетелде де жұмыс істеген. Оның бапкерлік өтілі – 25 жыл. 2018 жылдан бастап ол Қазақстан әйелдер құрамасының аға жаттықтырушысы болып жұмыс істеді.

# ГОЛОВКИННІҢ ҚАРСЫЛАСЫ КІМ БОЛМАҚ?

**Орта салмақта WBA белбеуінің уақытша чемпионы Крис Юбенк (30-2, 22 KO) осы салмақта IBF және IBO белбеулерінің иегері қазақстандық Геннадий Головкинмен (41-1-1, 36 KO) қашан кездесу өткізетінін айтты.**



Осыған дейін британдық боксшы Головкиннің командасы жекпе-жек өткізуге ниет білдіргені туралы хабарлаған. Юбенктің айтуынша, ол Головкинмен бұрыннан бері кездесуді ойластырып жүрген.

«Мен бұрыннан бері Головкинді ойлап жүрмін. Менің ойымша жанкүйерлер біздің кездесуді асыға күтіп жүр. Ол (Головкин ред. түсіндірмесі) келесі кездесуін Риото Муратаға қарсы өткізеді. Сол үшін біздің кездесуіміз биыл өтпейтін шығар. Біздің айқас сегіз не тоғыз айдан кейін өтеді деп ойлаймын. Осы кездесуді ұйымдастыру үшін барлығын істейміз. WBA белбеуінің уақытша чемпионы ретінде Головкиннің бірінші қарсыласы мен болуым керек. Сондықтан мен дайын болуым керек», – деп келтіреді Юбенктің сөзін Boxingscene.com порталы.

Айта кетейік, Юбенк пен Головкин 2016 жылы кездесуі керек еді. Бірақ ол кезде британдық боксшы жекпе-жектен бас тартты. Головкин желтоқсанның соңында орта салмақта WBA ұйымының «суперчемпионы» Риото Муратамен (16-2, 13 KO) кездесу өткізуі керек.

# РЕЙТИНГКЕ ӨЗГЕРІС ЕНДІ

**Бүкіләлемдік бокс кеңесі (WBC) рейтингінің жаңа нұсқасы жарияланды, деп хабарлайды Egemen.kz Sports.kz-ке сілтеме жасап.**



Қазақстандық боксшылардың позициясы:

Ауыр салмақтағы Жан Кособуцкий америкалық Джоуи Давейконы нокаутпен жеңгеннен кейін рейтингке 32 нөмірмен кірді. Екінші орта дивизионда Айдос Ербосынұлы өз жағдайын өзгертпей, 14-інші орында қала берді. Әли Ахмедов екі саты төмендеп 33-ші болды. Мейірім Нұрсұлтанов та 17-інші орынға жайғасты.

Бірінші орта салмақ өкілдері Тұрсынбай Құлахмет пен Садриддин Ахмедов тиісінше 19-ыншы және 20-ыншы қатарларды сақтап қалды. Данияр Елеусінов жартылай орта салмақта 23-інші болып қалды. Өткен шығарылымда бірінші салмақ дәрежесінде 18-інші орынды иеленген Батыр Жүкембаев осы айда 22-інші болды.

# АУТСАЙДЕРДЕН АРЫЛДЫҚ



**Футболдан Қазақстан құрамасы 2022 жылғы әлем чемпионатының іріктеу турнирінде Босния және Герцеговинамен тең түсті.**

Зеницада өткен кездесуде алаң иелері фаворит болған. Алайда матч 2:2 есебімен аяқталып, сенсация тіркелді.

Матч есебін қонақтар ашты. 62-інші минутта Исламбек Қуат бұрыштан әуелеген допты қақпада тулатты.

Боснялықтар 12 минуттан кейін таразы басын теңестірді: Миралем Пьянич пенальтиден көзге түсті. 86-інші минутта алаң иелері алға шықты: Лука Менало бұрыштама кезінде қараусыз қалып, баспен дәл соққы жасады.

Бірақ матч соңына дейін Талғат Байсуфиновтің шәкірттері есепті теңестіре алды. Қосымша уақытта Бақтиер Зайнутдинов айып соққысынан гол салды.

Бұл ойыннан кейін Қазақстан құрамасы үш ұпаймен D тобында бесінші орында тұр. Төртінші орындағы боснялықтардың да үш ұпайы бар.

*Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК*

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

**Хасен АМАНЖОЛОВ,**
**Қызылорда қаласындағы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі, азаматтық қорғау сержанты:**

# ЖАСТАР – ЕЛ КЕЛЕШЕГІ



«Қандай ас ішемін, не киім киемін?». Қарап отырсақ, біз бұл сұрақтарға келгенде ұзақ ойланбаймыз. Аштықты көрген жоқпыз. Бейбіт өмірде ішкеніміз алдымызда, ішпегеніміз артымызда, ешкімге алақан жайып, жалтақтамаймыз. Ал, бұл жолда талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ұлт азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен Желтоқсан оқиғасы, қатал сыннан өткен жандардың жан қияр ерліктері тарих қойнауында сақтаулы. «Қашан егемен ел боламыз?» деген бір кездегі мазалы сұрақ – бүгін біздің бақытымыз.

Тарих парағын ақтарсақ, тәуелсіздік жолында халқымыз түрлі сынақтан өтті. Ата-бабаларымыз жерді жауға бастырмады. Ұлын құл, қызын күң етпеуге барын салды, досына адал, дұшпанына қаталдық танытты. Қазақ елінің еркіндігі, Тәуелсіздігі үшін тарихта ерекше орын алатын көтерілістер – Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер болды. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бастап, қынадай қырылған, ел тізгінін ұстаған азаматтардан 1938 жылдарына дейінгі аралықта халқымыздың осынау кең далада өмір сүруі, тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупі төніп тұрған еді. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар ел қорғауды ұран етіп, сол жолда құрбан болды. Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы да кімді болсын селт еткізбей қоймады. «Тәуелсіздік алдық, енді оны қалай сақтап қаламыз?» деген сауал көптің көкейін күпті еткен тағдырлы уақыт та болды. Ата-аналарымыз ол кезеңнің өтпелі болғанын, айлап-жылдап жалақы алмай, зейнетақыларына жете алмай зарыққан жандар жайлы күрсіне айтып отырады. Олар қиналды, бірақ шыдады. Қиын күннің желдей есіп өтеріне сенгендіктен…

Осыған қарап-ақ, қазақ деген елдің ежелден бергі арманы – азаттық екенін байқауға болады. Сол азаттық қаншама ғасырлар бойы қиын-қыстау кезеңдерден сүрінбей өткен қазақтың пешенесіне бұйырыпты.

Өзгелермен иық тірестіріп тұрып, тәуелсіздік алдық. Тәубе. Ақиқатын айтсақ, қаймана қазақ бұл жолда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа қарыздар. Сонау 90-ыншы жылдардың басында жаңа заман туды. Осы қиын-қыстау жолда Қазақстанды сүріндірмей, адастырмай алып жүру екінің бірінің қолынан келмес еді. Бүгінде әлем сахнасынан сыйлы орынға жайғасып үлгерген егеменді еліміздің осынау жылдардың ішінде жеткен жетістігі мен бағындырған белесі биік. Экономикалық, саяси, әлеуметтік тұрғыда жедел қарқынмен дамып жатқан Қазақстан әлемді аузына қаратқан елге айналды. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында еліміз әлемдік қауымдастықтардың ықпалды мүшесі атанды, халқына қауіпсіздік пен жарқын болашағы бар өмір сыйлай алды.

Табалдырығымыздан аттаған биылғы жылда Тәуелсіз ел атанғанымызға 30 жыл толып отыр. Мерейлі датаға орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскеніне екпін берілген. Мемлекет басшысы «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауал толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет» деген орамды ой айтқан. Иә, тәуелсіздікті алу бар, бірақ оны қорғап қалу, баянды ету мың құбылған, алмағайып заманда оңай емес. Сондықтан «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген сөз мәңгілік ұранға айналғаны абзал. «Азаттық пен тыныштық, көксегенім» деп Абай атамыз жырлағандай, қазіргі қазақ қоғамына ең қажет дүние де – бейбіт өмір мен тату тірлік. Сондықтан әрбір азамат осы екеуінің қадірін біліп, соның қамын жемек керек. Өйткені біз бақытты ұрпақпыз, алдағы жарқын болашақ та біздің қолда.

Қасым Аманжоловтың «Сен неткен бақытты ең, келер ұрпақ. Жүзіңе көп қараймын мен таңырқап» деген жалынды жырын да біздерге қарата айтуға болады. Менің де бала күнімде таңдаған құтқарушы мамандығын серік етуіме, арманыма қанат байлауыма себепші – ұрпақтарының алаңсыз өмірі жолында күрескен ата-бабамның ерлігі мен талай жылғы тар жол, тайғақ кешумен келген Тәуелсіздік. Жаратқан жаны жайсаң, дарқан жұртымызды бірлік-ынтымағынан ажыратпасын!

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

# JULDYZ – JORAMAL

**(10 – 16 қыркүйек)**

**Тоқты**
Өзіңізге ұнайтын затты сатып алу үшін көбірек шығын шығарасыз. Жаңаша бастама ұсынғандар болса, одан бас тартпаңыз. Қандай қиындық болса да тығырықтан шығар жол табыңыз, шыдамдылық пен сабырлық арқасында көптеген жетістіктерге жетесіз.

**Торпақ**
Егер жақсы дайындалсаңыз, қолға алған әрбір ісіңіз сәтімен болады. Сақтық пен ұстамдылықты ұмыт қалдырмаңыз. Артық ойдан арылып, жақсылап тынығуға тырысыңыз.

**Егіз**
Қарбалас жұмыстармен уақытты өткізесіз. Жоспарлаған жұмысыңыз сәтімен орындалып, үлкен табысқа қол жеткізуіңіз ықтимал. Барынша сабырлы болсаңыз, айналаңыздағыларға да сыйлы болатыныңызды ұмытпаңыз.

**Шаян**
Аптада сізді маңызды кездесу күтуде. Оқуыңызға, жұмыспен қатар көңіл көтеруге де уақыт табыңыз. Жолда жүргенде абай болыңыз. Шешімін таппаған шаруаңыз осы күні оң нәтижесін бермек.

**Арыстан**
Сіздің көмегіңізге зәру адамдарға жақсылық жасаудан аянып қалмаңыз. Қолыңыздан келгенше бар мейіріміңізді төккеніңіз дұрыс. Апта бойы әр нәрсеге ашуланып, жүйкеңізді құртпаған жөн.

**Бикеш**
Сіз үшін қуанышты жаңалықтарға толы. Қауырт жұмыспен жүрсеңіз де, көкейіңіздегі қуанышты жайт сізді бақытты етері анық. Алға жоспарлаған істеріңіз рет-ретімен орындалатындықтан, қатты қобалжудың керегі жоқ.

**Таразы**
Өміріңізде кездейсоқ кедергі пайда болған жағдайда мейлінше ақылға жүгініп, өздігіңізше шешім шығарыңыз. Ешкімнің пікіріне құлақ асудың қажеті жоқ. Қаржылық жағдайыңызға да көңіл бөліп қойған абзал.

**Сарышаян**
Үлкен өзгерістерге дайын болыңыз. Бірақ қарызға ешкімнен ақша алмаңыз.Сіздің ақыл-кеңесіңіз біреулер үшін аса зәру болуы мүмкін. Күрделі мәселелерді шешуге келгенде барынша сабырлылық танытыңыз.

**Мерген**
Күтпеген өзгерісті сабырмен қарсы алыңыз. Ұмытшақтық пен алаңғасарлыққа салынбаңыз. Достарыңызға көмек қолын созудан тартынбаңыз. Жеке өміріңізде қуанышты сәттер болуы мүмкін.

**Тауешкі**
Бастамақ болған ісіңіз туыстардың қолдауы арқылы жүзеге асады. Ойламаған жерден керемет ұсыныстар түсіп, мол табысқа кенелуіңіз ықтимал. Уақытылы денсаулығыңызға көңіл бөлуді естен шығармаңыз.

**Суқұйғыш**
Қаржылық жағдайыңызды жақсарту үшін қолдан келгеннен аянып қалмаңыз. Өміріңізде түрлі жағдайдың орын алуы ықтимал. Барынша сақ болыңыз. Ашуыңызды ақылға жеңдіруді әрқашан естен шығармаңыз.

**Балық**
Аптада өзге адамдармен танысу сіз үшін пайдалы болады. Сондықтан мұндай мүмкіндіктерден бас тартпаған жөн. Жақындармен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа еш мойымай, тек алға қадам басыңыз.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚ АЛҒАН 5 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ



**Самал Еслямова**

Қазақстандық Самал Еслямова 71-інші Канн кинофестивалінде үздік актриса атанды. Ол ресейлік режиссер Сергей Дворцевойдың "Айка" атты картинасында басты рольді сомдады.

"Үздік актриса" атанған қазақ қызы Самал Еслямова 1984 жылы 1 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында дүниеге келген. Өнер жолын 2011 жылы ресейлік ГИТИС театр өнері институтының актерлік факультетінде білім алу арқылы бастаған. Ол "Айка" атты фильмнен өзге "Жауқазын" (Тюльпан) картинасында ойнаған. Бұл фильм 2008 жылы "Ерекше көзқарас" атты номинация бойынша жеңімпаз деп танылды.

**Еркебұлан Дайыров**

Қазақстандық актер Еркебұлан Дайыров Канндағы World Film festival кинофестивалінде "Азияның үздік актері" марапатын жеңіп алды. Отандасымыз бұл марапатты Эльмира Гильманның "Күнбағыс" фильміндегі рөлі бойынша алды.

Еркебұлан Дайыров 1986 жылы Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауданында туған. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын бітірген. 2006 жылдан бері Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері. 2013 жылы Қазақстан Жастар Одағы "Серпер" сыйлығының лауреаты атанды, 2015 жылы Бауыржан Момышұлы атындағы "Намыс" орденінің иегері болды. "Бауыржан Момышұлы", "Анаға апарар жол", "Қазақ елі", "Жұлдыздар тоғысқанда", "Тараз", "Алтын Орда" секілді бірқатар фильмде ойнаған.

**Димаш Құдайберген**

Димаш 2017 жылы музыка саласындағы бірнеше марапатты алды, соның ішінде Қытайдағы 24 -інші China Music Awards марапатындағы ең үздік азиялық әнші (Қытайлық Грэмми баламасы болып саналады) және Tencent MTV Music Gala-ның "Азиядағы ең танымал шетелдік әнші" сыйлығын иеленді.

Димаш Құдайберген Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушылардың «Славян базары – 2015» байқауында Гран-при жеңіп алған, «Халық сүйіктісі» Ұлттық сыйлығының лауреаты, «Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға лайықты үлес қосқаны үшін» Қазақстан Республикасының Президентінің Құрмет грамотасын алған, "ABU TV song" халықаралық фестивалінің қатысушысы. Димаш 6 октава, 8 жартылай тонды қамтитын кең вокалдық диапазонымен танымал. Оның жанкүйерлері бүкіл әлемде бар. Димаштың құрметіне Қытайда бірнеше тауар шығарылды. Жапонияда оның құрметіне алғаш рет әуежай хабарламалары қазақ тілінде жазылды.

**Иманбек Зейкенов**

2020 жылдың аяғында музыкант Иманбек Зейкеновтің (Imanbek) Saint JHN орындайтын "Roses" әніне жасаған ремиксі "Грэмми" сыйлығына үміткер атанған. Ал биыл 15 наурызда "Roses (Imanbek Remix)" трегі "Best Remixed Recording" номинациясы бойынша музыкант "Грэмми" премиясын жеңіп алды. Иманбек – "Грэмми" алған алғашқы қазақстандық.

Иманбек Зейкенов – Павлодар облысындағы Ақсу қаласында тұратын 20 жастағы музыкант. Осыған дейін теміржол саласында жұмыс істеген. Ремикс жасауды, музыканы YouTube-тегі видеолардан үйренген. 2019 жылы Иманбек рэпер Saint Jhn-ның Roses деген әнін байқап, оны билеуге ықшамдап ремикс жасаған. Кейін оны әлеуметтік желіге жүктеген. Ремикс өте жылдам қарқынмен таныла бастады. Дүниежүзіндегі біршама чарттарда болды. Ремикс YouTube-те 145 миллионнан аса қаралған.

**Данэлия Төлешова**

Данэлия Төлешова қазақстандық әнші. "Голос Дети" (Украина), байқауының жеңімпазы. "New Wave Junior 2015" көрермендер сыйлығының лауреаты. Қазақстандық жас әнші әйгілі музыка саласындағы "Болашаққа көзқарас" номинациясы бойынша бірінші халықаралық кәсіби музыкалық "BraVo" сыйлығын жеңіп алды.

Қазақстанның атынан Junior Eurovision 2018 байқауына қатысып, 6-орынды иеленді. Американдық "The World's Bestruen" (2019) шоуында үздік сегіздікке енді және «Америка таланттарды іздейді» шоуының финалында (2020) өнер көрсетті. "Stone Cold" әні YouTube-те 70 миллионнан астам қаралған.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 8517**
**Тапсырыс: 1312**